


Дулат ИСАБЕКОВ



Дулат Исабеков

Гауһар тас

Ыбыштың мінез-кұлқы, кескін-келбеті, аузындағы сөзі мен күлкісіне шейін әкемнен аумай қалған, сойып қаптағандай дерсің. Екі иығы қақпақтай, менен екі есе бар. Шешінгенде білегіндегі білем-білем бұлшық еттер арасында шортан жүргендей бұлт-бұлт етіп ойнап шыға келеді. Ол асығу дегенді әсте білген жан емес. “Ойбай, тұр, қойға қасқыр шапты!” — десең де орнынан жайбарақат көтеріліп, маймаң-маймаң басып барып жарбиған жаман кепеден ер-тоқымын алады, сонан соң үйде қалған қамшысына қайта келеді. Содан кейін барып байлаудағы күрең қасқаны асықпай ерттей бастайды. Оған шейін кеудесінде жаны бар қасқыр қойды қырып бітеді ғой, сондықтан ол сайланып шыққанша қой соңынан мен кете тұрамын. Әкем Ыбыштың осы жайбарақаттығын ғана жаратпайды. Басқа жағынан Ыбыш ол үшін жігіттің сұлтаны, нағыз еркек. Күш дегеніңіз оның бойына сыймай, асып-төгіліп жатыр. Аузын шымшып тіккен екі орыс қабың Ыбыш үшін түк емес. Қауын көтергендей екеуін екі қолтығына қысып алады да алдында кездесе қалған анау-мынау арық-атызыңнан аттап-бұттап жүре береді. Сондықтан да біздің үй ақ қапшық дегенді ұстамайды. Анау азық кепедегі маса қонса жарылғалы тұрған ала қап, қара қап, шұбар қап дегендердің бәрін апамның өзі тоқыған.

Ыбыштың айрықша бір мінезі — көкпар құмарлығында. Көкпар хабары шықса Ыбышты тану мүмкін емес. Жалпақ танауы балықтың желбезегіндей желп-желп етіп, үлкен қой көздері қызыл көрген аш бүркіттің жанарындай от шашып шыға келеді. Қой бағу, қозы төлдету дегенің жайына қалады. Атын таң асырып, жалын тарап, түнімен ұйықтамай шығады. Тіпті, бөшкедегі ауыз судан екі-үш шелегін алып, күреңін жалт-жұлт еткізіп жуып қояды. Су таситын мен. Сондықтан, балапанын қорғаған қызғыштай шырылдаймын да қаламын. Бірақ әкем бір саусағын ғана қимылдатып мені өзіне шақырып алады да: “Қойға бар, қиналсаң суды өзім-ақ әкелемін”, — дейді ақырын ғана. Ыбыштың атқұмарлығы мен шабандоздығына әкем қашан да разы. Көкпар болады деген хабарды да алдымен өзі айтып келеді. Үлкен баласының мен сияқты емес, қайратты, шабандоз, көп сөйлемейтіндігін ол мақтаныш

тұтады. Сондықтан, көкпар хабары сонау Қазықұрттың бауырынан шықса да, Ыбыштың баруын әкем іштей тілеп отырады. Мұндай кездерде ол оған ерекше мейірімді де, шешіліп сөйлегіш. Өйткені, көкпар – ата мен бабаның атын шығаратын, даңққа бөлейтін қасиетті бәйге. Ал, көкпар болмайтын күндері ол Ыбышты уысынан шығармай берік ұстайды. Біз бәріміз де оның ызғарлы жүзінен ығысып жүре береміз. Тау қопарар еңгезердей Ыбыштың да оның алдында бір уыс мақтадай бола қалады. Сондықтан, мен өзім шаппасам да көкпар хабары шықса екен деп тілеп жүремін. Онда, үй ішіне жылылық, көңілділік енеді.

Әкем де, Ыбыш та осы кезге шейін бетімнен бір сүйген емес, тіпті, айналайын деген сөзді айтқан-айтпағандары да есімде жоқ. “Баланы айналып-толғана берсең әйел тәрізді сынық, жасық боп кетеді” деген әкемнің сөзін әлденеше рет естігенмін.

Міне, бүгін де үнсізбіз. Анадай жердегі сықырлауық ағаш кереуеттің үстінде бәтес көрпені айқара жамылып Ыбыш жатыр. Ойына ешнәрсе кіріп шығар емес. Мен ертең оқуға жүремін. Алысқа, Алматыға кетемін. Апам айтқандай “Әзірет сұлтанның аруағы қолдап, бағым жанса түсемін, түспесем қайтып келемін. Оқымасам да күн көруге болады. Іс қып, ден сау болсын”.

Әкем үйде жоқ, қайда кеткені де белгісіз. Жалпы ол үлкен бір іске аттанарда мақсатын ешкімге айтпауды әдетке айналдырып, қанына сіңірген. Әйтеуір, бүгін кешке келетіні ғана белгілі, бірақ қазір түн жарымы боп қалды, неге екені белгісіз, кешігіп жатыр. Ыбыш қимылдар емес. Жатар алдында таңертең ерте тұрып, мені теміржол станциясына шейін күрең қасқамен апарып тастауға келіскен. Ол осының өзіне әрең көнді. «Ат шаршайды. Есекпен-ақ барсаңшы. Жеткен соң есекті Сопыбектің бастырмасына байлап кете сал, бір барғанда әкелерміз!» — деп күңгірлеген. Бірақ, араға апам араласып: “Мейірімсіз, олай деуге қалай дәтің барады? Қарғадай балаға жаның ашыса қайтеді. Өліп қалмас атың. Бөтен емес, інің ғой әйтеуір” — деген соң біраз үндемей отырып келіскен рай білдіріп жانتая кеткен. Әне, сол бойы ұйықтап кетіпті. Көнетоз қара шабаданға бар тапқан-таянғанын салып, апам байғұс қана көбелектей шарқ ұрып жүр. “Әдірә

қалғыр, мейірім бар дейсің бе бұларда. Бауыр еті жалғыз інісі алысқа кетіп бара жатқанда қайтіп қана ұйықтайды екен”... — деп, анда-санда қапалана сөйлеп қояды. Сонан соң төсекте жатқан менің қасыма келіп шашымнан сипап, бетімнен қайта-қайта сүйе береді. Сол сәтте оның көзінен жып-жылы жас бетіме тамып кетеді. Менің де көңілім босайды. Бұл — әкем айтқандай жасықтықтан емес, мен кеткен соң апама мына үйдің ішінде көңілсіз болатынын ойлағандықтан еді.

Бір кезде тігулі үйдің алдынан ат дүбірі естілді. Сәлден соң үйге әкем кіріп келді.

— Жатпағансындар ма? — деді ол қамшысын керегенің басына іліп жатып. Үнінде бір жылылық бар секілді. Мен қуанып кеттім. Тым болмаса, оқуға жүрер кезімде мейірімді болса екен.

— Жоқ, — деп апам орнынан тұрды да ас қамына кірісе бастады.

— Әуре болма, — деді әкем жай ғана. — Оны қоя тұр. Дудар бас ояу ма? (Әкем мені осылай атайтын.)

— Қазір ғана жатты. Ертең оқуға жүреді ғой...

Әкем қайтып ләм демеді. Күн ысымақ түгілі аспан айналып жерге түсіп кетсе де, үстінен тастамайтын тер сіңген сары күпәйкесі мен қызыл брезент етігін шешіп, менің дәл жанымдағы салулы төсекке келіп отырды. Апам да үнсіз, мен де үнсіз. Әкемнің әлдеқалай айтар жаңалығы бар секілді. Сондай кездерде ылғи осылай ұзақ уақыт тіс жармай отырады.

— Дудар бас, — деді ол бір кезде салмақты қоңыр үнмен. Мен селт ете түстім.

— Әу, көке.

— Далаға шығып, қойларды көріп кел. Шарбақ қораны бұзып, шығып кететін жындары бар еді.

Ішім әлденені сезіп, басқа бір сөзге келместен орнымнан тұрдым да, аяғыма апамның кебісін сұға салып сыртқа шықтым. Жұлдыздар жайнап тұр екен. Ай қып-қызыл боп сонау Қаратаудың ар жағынан енді көтеріліп келе жатыр. Оты сөнген ошақ басында Байқаншық жатыр.

Әріде, қарауытқан төбенің бергі етегінен Сырттанның «әуп-әуп» үргені естіледі. Ойпаңдағы қамаулы қойлар мамыражай күйсеп жатыр. Қораны бұзып шығу түгілі айдасаң да қозғалар түрі жоқ. Қанша шаруақор, малжанды болса да, дәл осы жолы әкем мені шын ниетімен қойды көруге жібермегенін сол жерден-ақ білгенмін. Сондықтан, шошаң етіп үйге қайта кіруді жөн көрмей, әбден әңгімелесіп болды-ау дегенше далада жүрдім. Және ол ешқашан сары езулікке салынып отырмайды, айтарын қысқа-қысқа етіп ақтарып салуға әдеттенген.

Бір кезде үйге беттедім. Келе жатқанымды білдіріп, тамағымды бір кенеп алдым да, киіз үйдің алаша есігін айқара ашып ішке кірдім. “Не сөйлесті екен? Мен естімеуге тиісті қандай сөз болды ол?”

Табалдырықтан аттай бергенде әкемнің қарсы алдында малдас құрып отырған Ыбыштың еңгезердей денесін көрдім. Оның ұйқысы әлі жөнді ашылмаса керек, ішке кірген маған бұрылып қарағанда қабағы ісініп, көз еттері білемденіп тұр екен. Ұстарамен кеше ғана тықырлап қырдырған басы күңгірт шам сәулесінің өзімен-ақ қозғалған сайын жылт-жылт ете қалады. Шамасы, айтылар сөз айтылып бітсе керек. Ол мен ішке енген кезде: “Қайтеміз, мейлі енді” деп күңк етіп орнынан тұрды да, төсегіне барып жатып қалды. Маған бәрі жұмбақ. “Ол не?” — деп сұрауға батылым жетпеді. Сол жұмбақ әкем мен Ыбыш ұйықтаған соң ғана шешілді. Түн жарымы ауғанда апам қасыма келіп, болған жайдың бәрін сыбырлап айтып берді.

...Сонымен Ыбыш үйленетін болыпты. Бұл мен ешқашан күтпеген, тіпті үш ұйықтасам ойыма кіріп шықпаған жаңалық еді. Әрине, Ыбыштың ерте ме, кеш пе әйтеуір бір кезде әйел алып, отау тігетінін білетінмін. Бірақ оның үйленетіндігі туралы хабар дәл осылай аяқ астынан шығып, мен даладан үйге кіргенше, барлық мәселе шешіліп бітерін күтпеп едім. Және оның: “Қайтеміз, мейлі енді” деуі құлағымнан таң атқанша ызындап кетпей қойды. “Сұмдық-ай, неткен мінез? Адамда толқу, тебірену деген болмай ма, деймін ішімнен аспандағы ақырын ғана жылжып бара жатқан жұлдыздарға ашық түндіктен қарап жатып. — Ол үйленеді ғой. Ғұмырлық жар сүйеді, оған жас өміріндегі осындай ұлы өзгерістің өзі қой жоғалғандай әсер етпегені ме? Былтыр қыста екі саулықты қасқыр жеп кеткенде бұдан

гөрі қаттырақ толғанып еді ғой. Қарашы әне, ештеңе болмағандай бейғам жатыр. Япырмай, шынымен ұйықтап кетті ме екен ол?”

Мен жеңешемнің болуын армандайтынмын. Табан астынан бола кеткен бұл тілек алғашында қатты таңдандырса да дәл қазір даладағы мүлгіген тыныштыққа құлақ тігіп, кірпік қақпай жатқан шағымда маған тәтті бір қуаныш лебін әкелгендей болды. Кеудемдегі жүрегім самал тербеген қайың жапырағындай лүп-лүп етіп, болашақ жеңешемнің ақылды, ажарлы, бар мінезі әкем мен Ыбыштың мінезіне қарама-қарсы ашық жарқын болуын аңсадым. Бәлкім сонда, темір тәртіп мекендеген, салқынқандылық салтанат құрған мынау үйге бір өзгеріс еніп, көңілсіз өмірге күлкі араласар. Ол да мен сияқты қиялшыл болса бірге отырып арман қуар едік, Ыбыштың тұйық мінезіне түрткі салып, сезімін сергітуге екеулеп бір әрекет жасап көрер едік.

Мен осыны ойлап қуандым. Сол қуаныш босағаны аттап кірумен бірге менің ертеңгі алыс сапарымның тас-талқанын шығарды. Ыбыштың үйленуіне байланысты әкем: “Дудар бас оқуды биылша қоя тұрсын. Келім-кетім кісі бар, күтіп алар қонақ бар, ол кеткен соң мына малды кім бағады. Келін түскен соң келесі жазда барар оқуына. Бір жыл кейін ояз болса да кештік қылмас”, — депті.

Мен әкемнің бұл шешіміне қарсы бола қойған жоқпын. Абыр-сабыр кезеңде айдаладағы жалғыз үй қойшыға адам қолы аса қажет болатынын түсінсем, жаман болсын, жақсы болсын, туған ағамның үш күннен кейін келіншек әкелетінін біле тұра, сол қуанышқа ортақтаспай, өз жөніммен аттанып кете беруім бүйрексіздік болар деп түйдім. Биылша оқуды қоя тұруға келіскенімді естігенде апам қатты қуанды. Оның ойынша “биыл мен әлі тым жаспын. Келесі жылы буыным қатаяды. Оң қол, сол қолымды анық танимын, сол кезде алыста жүрген мені уайымдап апам да қатты қинала бермейтін болады”.

Ұядағы жұмыртқа пісіп, қарғаның миы қайнайтын жаз айының от шашқан бір күнінде Ыбыш қасына екі жігіт пен тағы бір екі ақсақалды ертіп Тоғансайға жол тартты. Әдетте, әке тәрбиесінен өзгені көрмеген Ыбыш тәрізді жас жігіттерге: “Үйленесің бе?” деп сауал салғанда, көкей деген құрғырдың: “Енді ше, осы күнді сарғая күткен жоқпын ба?” деп түрткілеп тұрса да “қойыңызшы, көке” деп ұяла жауап берер

еді. Ыбыш мүлде олай еткен жоқ. Мен оқуға бармайтын боп бекіген түні ертеңі әкем: “Ашып айтсаңшы, Қыжым кемпірдің қызына үйленуге қарсы емессің бе?” дегенде тоңазыған сүр ет пен майлы айранды соғып отырып: “Е, жоқ-ә, оның жаманшылығын көрген кім бар. Жақсы қыз дейді ғой” — деп шімірікпей қойып қалып, қойына жүріп кеткен. Жолға шығатын күні де қой соңынан кетті. Түс кезінде мен барып: “Үйге бар, көкем шақырып жатыр. Кісілер де жиналып қалды. Тез киін, қазір жүресіңдер” дегенімде құлқайыр шартақтың астынан басын көтеріп маған танымай тұрғандай ажырайып бір қарады да: “Ертең емес пе еді?” — деді. “Жоқ, бүгін”. “Е-е, мен ертең деп жүрсем” — деп шартақ астынан еңкейіп шықты да қолымдағы қабақты алып, салқын шалаптан қылқылдата жұтты. Ыдысты ортасына шейін еңсеріп барып, өзіме қайтарып берді. Сонан соң шылбыры шұбатылып жайылып жүрген күрең қасқаның ауыздығын салды, тартпасын тартты. Сөйтті де, атына асықпай отырып: “Байқа, қойлар шашырап кетпесін... і-і, менімен бірге тағы кімдер баратын болыпты?” — деді. — “Білмеймін”.

Ол үзеңгісін тебініп қалып, үйге қарай беттеді. Сол бойы артына қараған жоқ. Мен оның ат үстіндегі алып тұлғасы қыр астына тасаланғанша соңынан көз алмай қарап тұрдым.

Ыбыштар екі күннен кейін күн бата бергенде келді. Біздің үй Аршабай деген өзеннің жиегіне тігілген. Өзен дегенде бұл шалқып жатқан сулы өзен емес. Ені жарты шақырымдай келетін үлкен арна. Басы сонау Қазығұрттан шығады. Аяғы бірте-бірте жайпауыттанып барып Арысқа жетеді де теп-тегіс жазыққа айналып кетеді. Бір заманда бұл жерде суы мол өзен болған деседі. Оған осы арнаның қатпар-қатпар тастары мен ұлтанын кіндік бойы қазсаң шыға келетін қиыршық құмдары куә. Қазір арнаның бойы малға таптырмайтын жайылым. Құлқайыр, шағыр, бетеге, кеурек, сасыр дегендерің ұйыса өскен. Арасына кірген мал шүйгін шөпке кенедей жабысып, бас көтермей қалады. Арнаның қақ ортасындағы жол арқылы арлы-берлі өткен машиналар мен мал тұяғынан көтерілген шаң құлқайырлардың үстінде үлдіректей қалықтап, кешкілік бұл маңайды әсем бір көрініске бөлейді.

Ыбыштар дәл осындай сәтте өзеннің сонау түкпірінен көрінді. Тойға жиналған елу шақты адам үйден үдере шығып, өздерінше гу-гу сөйлесіп қыр басынан бақылап тұр. 4-5 жігіт пен 5-6 қыз-келіншек бұдан әрі шыдап тұра алмай, көңілді күлкіге көміліп, келе жатқандарға қарсы жүрді.

Мен де, апам да солармен бірге кеттік. Апам қуаныштан күліп жүр, жылап жүр. Көзінен аққан жасты байқайтын емес. Қара баласынан да, келінінен де “айнала” береді.

Олар мінген машина бізге әбден жақындады. Бұл орталыққан бізге жиі келіп, кино көрсетіп кететін шофер Амангелдінің автоклубы болатын. Әкем ол бір келгенде жалынып-жалпайып жүріп әзер көндірген.

Машинадан түскенде Ыбышты танымай қалдым. Екі күннің ішінде өзі күрт өзгеріп кеткен секілді ме, қалай? Күнге күйіп май сіңген топырақтай болған қоңырқай жүзіне қан теуіп, қоңқақ мұрны делдие қапты. Басындағы сабан шляпасы мен үстіндегі көк бешпеті сом денесіне жабысып, өзін мүсіндендіре түскен. Ол ешқайсымызға сәлем берген жоқ. Ешқайсымызға бұрылып та қарамады. Тек апама жеткенде ғана аздап кідіріп бетінен сүйгізді де, одан алыста, дөң басында бес-алты шалмен мәслихаттасып тұрған әкеме қарай кетті. “Ыбыш!” деп соңынан ентелей бергенімде ол артына бұрылып та қарамаған бойы “қал” дегендей күректей алақанын жай бір сілтей салды. Не болса да мен осы сәтте оның аршынды адымы мен ұстамды жүзіне, алып тұлғасына, туа қалыптасқан қаталдығы мен әкеме шексіз ұнайтын асқан сабырлылығына сүйсінгендей болдым.

... Той қызығы үш күнге созылды. Жастар жағы екі күн бойы сауық құрды.

Кең жайлау, кең дала. Аршабай өзенінің көгілдір аспанын жастар әні кеулеп жатыр. Туған дала ерке ұлдарын құшағына ап, солармен бірге қосыла әндетеді, қосыла күледі, қосыла қуанады. Өзіне тартып туған сауықшыл ұл-қыздары күміс нұрға толы айлы түнде ақсүйек ойнады, топ-топ болып ойпаң мен қыр басында ән салды, домбыра тартты, енді бірде балғын балалық шаққа бір мезет қайта оралып жұпар иісті көк шағырдың арасында жасырынбақ ойнады. Әзілқой сылқым жеңгелер

гүл атқан құлқайыр түбінде көрікті, өнершіл қайнысымен шаршағанша алысты, кейбір жас бойжеткендердің жігітке деген нәзік сезімі осы айлы түндерде алғаш оянды.

Кісілерді күту қамымен жүріп, мен ол сауық-сайранның біріне де түгел қатыса алмадым. Күндіз қой соңына кезек-кезек салып қойған жас балаларға сене бермей мал жаюға кетсем, үйге жеткенде самаурын қою, ботқа тарату, ат байлау дегендерден-ақ қолым тимейді.

Үшінші күні түс ауа мал соңында жүргенде бір бала ентігіп жетіп келді. “Қайыркен көке, мен осында қалам, сізді тез жетсін деп жатыр, келіншектің бетін ашасыз”, деді

Міне саған! Тапқан екен бет ашатын кісіні! Япыр-ау, анау сайдың тасындай сақырлап жүрген жігіттердің арасынан біреуі табылмағаны ма сонда? Туған қайнысына бет аштыру ерсі емес пе?!

Үйге жеткенде, жұрт арнайы салған ши бастырманың астында гу-гу сөйлесіп отыр екен. Шынында, жайшылықта ауыз жаппайтын кейбір жігіттер жеме-жемге келгенде сөз таба алмай, ортаға сүйресе де шықпай отырса керек.

“Ай, үнің өшпейтін теміржақ едің, қане, көрсетші сол өнеріңді” — деп қояды әйелдер жағы екі күн бойы жеңгелерге қырғидай тиіп жүрген ұзын бойлы бұйра бас жігітке қарап. Ол болса: “Түу, өстіп ескілікке салынудың керегі қанша. Комсомольская свадьба жасау керек еді ғой”, — деп тыржиып қояды. “Немене қыл дейді, ей, мына сорайған неме, — деп отырған кемпірлердің бірі оның сөзін жақтырмай қалды. — Сонда той қызығын сендер көресіндер, мына біз немене көреміз? «Ескілік» деуін түге. Бет ашқанның несі ескілік. Ол халықтың жоралғысы. Ана Қайыркеннің тойында-ақ жасарсыңдар кәмсәмол суәдбәсін. Суәдба ма, немене еді әлгі... Әптің құрғырдың суәдбәшілін әліне қарамай. Одан да екі сөздің басын құрастыра алмаймыз десеңдерші. “Жайшылықта ауыз жаппас, той дегенде бірін таппас” деген. Ай, Қайыркен, кел айналайын, мыналардан күн шыққалы түк шығатын емес. Туған қайнысы болса қайтеді дейсің. Кәзитке өлеңің шығып жүруші еді ғой, селтеңдеп күлуден басқаны білмейтін мына өңшең ынжық немелердің аузына құм

құйып кетші. Әй, қара келін, үйден жіңішке оқтауды алып шық”, — деп ол орнынан тұрып келіп қолындағы ақ шаршысын маған ұстатты.

Мен не істерімді білмей аңырып қалдым. Соншалықты сеніммен бастырмалатып келіп қолыма ақ шаршысын ұстатқан соң бас тартуға мұршам болмай қалды. Ана жастар жағы болса: “Ұялма, қысылма, давай-давай” деп отқа май құйып жатыр. Бет ашуға да үлкен қабілет керек. Тіліп түсетін өткір сөзді аяқ астынан тауып, осы отырғандардың бір кемшілігін уытты сынға алу керек. Ол арға тиетін жалаң сын емес, жұрт күлетін, әзілмен астасып жатқан сын болуы керек. Осы сын садағына кісілердің үлкен-кішісі, ақ сақалы мен қара сақалы жаппай іліге береді және бет ашушыға ешкім ренжімеуі керек. Не болса да ішінде кетсін. Әрине, кейбір шыныдай шырты ете қалатындар шыдай алмай әлденені айтып салады. Бірақ жұрт оны одан бетер күлкіге айналдырып, көпке шейін сөз етіп жүретін болады.

Менің өлең жазатын жыным бар екені рас еді. Бірақ, жұрт алдына ешқашан шығып көрген емен. Оның үстіне, қапелімде қойылған талап дегбірімді кетіріп, есімді алды! Қолыма оқтауды қалай ұстап, оған ақ шаршыны қалай байлағанымды да білмеймін. Бір сәтте есімді жиғандай айналама қарағанда мені тескілеп, түйрелеп бара жатқан сансыз көз бен сөз күтіп телміре қалған жүздерді көрдім. Енді кейін шегінуге болмайды, не де болса тәуекел!

Мен сол кезде ғана үш-төрт қыздың ортасында бетіне сәусілдеген ақ жібек орамал жауып, үнсіз тұрған жеңешемді көрдім. Оның бойы сұңғақ, менен екі елідей ғана аласа екен. Үлбіреген жұқа ақ орамалдың ар жағынан кеудесіне басқан қолының саусақтары ағарып көрінеді. Ол тіпті дем алмайтын сияқты. Кеудесі мен екі иығының қозғалғаны байқалар емес. Кеше кісілердің атын отқа қойып келе жатқанымда, бірнеше қыз-келіншектермен бірге жеңешемнің анау дөң астында әңгімелесіп отырғанын көргенмін. Күн енді ғана көтеріліп, көкпеңбек Аршабай өзенінің аңғары алтын нұрға шомылып жатқан шағы еді. Жеңешем орамалын иығына салып, қыз-келіншектермен сөйлесіп отыр екен. Қасындағы Балакүл деген жас әйел саусағымен мен жақты нұсқап, әлдене деп жатқанын байқап қалдым. Сол сәтте оның мені жеңешеме сырттай таныстырып: “Анау сенің туған қайның болады”

деп түсіндіріп жатқанын сездім де, оларға бұдан әрі жақындауға батылым жетпей үйге қарай қиғаштай тарттым. Сол кезде Балакүл: “Әй, Қайыркен, мұнда кел, мұнда кел”, — деп қол бұлғады. Күнге шағылысқан білезігімен көңілді күлкісінің сыңғырлағаны қоса естілді. Олардың қасына барсам жеңешем қолайсызданар дедім де: “Балакүл, қолым тимей жүр” деп айқайладым. Таңғы дауысым хош иісі аңқыған кең алқапқа сіңіп кетті. Ол дауысым тына бергенде Балакүлдің: “Өй, ұялшақ, келіп таныспай ма екен-ей қайта”, — деп соңғы жағын күлкі көмген ашық үнін естіп қалдым.

Қазір соным үшін де қысыламын. Сонда да болса тершіген маңдайымды алақаныммен сүртіп, тамағымды бір кенеп алдым да, алғаш аузыма түскен салтанатты екі-үш шумақты шұбырта жөнелдім. Сонан соң ең негізі жауапты бөлімге көштім. Тойға келген адамдардың бәрі маған таныс. Демек, олардың әрқайсысының бір міндері бар екенін де білемін.

Жарым сағатқа созылған ауыр минуттарды артқа тастап, ең соңғы салтанатты шумақты айтып болған соң жеңешемнің бетіндегі орамалды жайымен жоғары серпідім. Ол кірпігін жоғары көтеріп маған бір қарады да, көзін тез төмен түсіре қойды. Оның жанары ботаның жанарындай үлкен, кірпіктері найзадай ірі екен. Толған айдай ақ жүзіне қысылғаннан қан ойнап шыға келіп, екі беті жаңа піскен алмадай албырап жүре берді. Шағаланың қанаты тәрізді қиылған қастары ұйқысынан жаңа оянған жас баладай бейкүнә, пәк жүзіне ерекше бір сұлулық пен нәзіктік сеуіп тұр. Үлбіреген еріндері қатты ыңғайсызданғандықтан болар-болмас дір-дір етеді

Мен жіңішке оқтауды қасымдағы біреуге ұстата салып екі адым кейін шегіндім. Сол жағымда отырған екі-үш әйелдің: “О, реңді екен, сабазың. Үндемей жүріп мына Ыбыш бәрінен озды. Құдай кейбіреулерге өстіп бере салады. Анау Рысбектің Тәшкеннен оқу бітіріп келген баласының әйелі... ойбұй, шешей-ау, несін айтасың, мына келіннің тырнағына да тұрмайды. Мұрны біздей, көзі тұздай...” — деп пыш-пыш сөйлесіп жатқандарын құлағым шалып қалды.

Иә, менің жеңешем айтса айтқандай көрікті еді. Әлгі әйелдердің сөзіне мен іштей масаттандым. Сөйтіп тұрып, жұрттан шеткері, тойдан

қалған күрішке толы ала қаптың үстінде жалтыр басын ауық-ауық бір сипап қойып, қою шай ұрттап отырған Ыбышқа қарадым. Егер жеңешемнің ақылы көркіне сай боп келсе, шындығында ол жар сүюден бақытты жан еді. Бірақ, өзінің осындай бақыттылығына ой жіберіп жатқан Ыбыш жоқ. Жейдесінің түймесін түгел ағытып тастап, бәз-баяғы қалпынша әлдене жайлы әкеммен сөйлесіп қойып жайбарақат отыр. Осы сәтте мен Ыбышты емес әкемді кінәладым. Оны уысынан шығармай осылай тәрбиелеген сол емес пе? Ол Ыбыштың осы мінезіне сүйсінеді. Мақтан етеді. «Оқу-оқу» деп жүріп өзінің тәк-тәгінен қағажу қалып, еркіндеу ер жеткен менің барлық мінезімді әкем сондықтан да жаратпайды. Оның ойынша “менің үйге тигізер ірістей де пайдам жоқ, есіл-дертім дала. Шошандап жүріп не мылтыққа түсіп, не машина қағып өліп қалмасам, жасым жиырмаға жетер-жетпесте еркек шашты біреуге үйленемін де, әке-шеше дегенді ұмытып, соның айтқанына көніп, айдауына жүріп, әлгінің қалаған жағына лағып кетемін”. Мұндай қылықтың ұшын байқата қоймасам да, әкемнің бұл қорытындыға қалай келіп жүргендігі маған әлі жұмбақ. Әсте, өзімен кей сәттерде бетке келіп, тіпті Ыбышқа да: “Әй, тілің бар ма, жазығым жоқ деп айтсаңшы”, — дейтінім үшін жек көретін болар.

Ертең той тарқаған соң көкпар беріледі. Жұмыстан қолы босап жиналатын аттылар болса, Аршабай нағыз көкпардың мекені. Қауіптенетін жыра-апан жоқ, ұзыннан-ұзақ созылып жатқан мидай тегіс ойпаң. Алысқа шабар жүйрік аттың тізгінін бос тастап, армансыз ағызатын-ақ жер. Қазір Ыбыш пен әкем, сөз жоқ, көкпар жайын сөз етіп отыр. Әні, Ыбыштың сыпыра құлағы қалқиып, көзі ежірейіп кетіпті. Шай ішуді мүлде ұмытқан. Япыр-ау, сонда ол өзгенің емес, өз тойында көкпар шаппақшы ма?

Келіншектің беті ашылған соң барлық адамға желік берген думан қызығы бірден сылқ түсіп, арада бірер сағат өткеннен кейін жиналғандар той иесімен қош айтыса бастады. Кешке қарай ертеңгі көкпарға қалған жұмысы жоқ шалдар жағы болмаса, қыз-келіншек, бала-шаға, жігіт-желең, кемпір-кешектердің бәрі бірі атқа, бірі есекке мінгесіп, енді бір тобы Амангелдінің автоклубына сыйғанынша отырып, ырду-дырду, у-шумен үйді-үйіне тарасты.

* * *

Той да өтті, Ыбыштың есін алған көкпар да өтті. Аршабай алқабындағы біздің үй тағы да жалғыз қалып, ың-шыңсыз бір қалыпты өміріне қайта кірісті. Екі-үш күнге созылған той-думанына әбден үйреніп-ақ қалған екенмін, көпке шейін жаным құлазып, айдалада жалғыз өзім қалғандай кеудемнен белгісіз бір көңілсіздік кетпей қойды. Сондықтан, құдық басы мен үй ішінің, қора-қопсының тағы-тағы жанымды жабырқата түсетін сүреңсіз тіршілікті өзгелерге тастап, далаға, қой соңына кетіп жүрдім. Қара тұмсықтың арғы бауырына түсіп малды отқа жабамын да, бірауық Аршабайдың көз жетпес көк аспанынан көз алмай, шалқалап бір жатамын. Осы шақ қандай тамаша шіркін! Төңіректе қойлардың бытыр-бытыр жайылып жүргенінен өзге бір дыбыс естілмейді. Тұу, көз ұшында, қақ маңдайыңның үстінде ноқаттай боп бозторғай қалықтай ән салып жүреді. Жер иісі, жусан иісі, қурай мен құлқайыр иісі кеуденді кернеп, жан сарайыңа жаңа сезім, жаңа қуаныш толтырады, алпыс екі тамырыңды түгел матап, еліктіріп, еліттіріп әкетеді. Бойыңдағы енжарлық пен көңілсіздік кенет ғайып болып, күллі денең ду-ду ете түседі де, жүрегінді белгісіз бір қуаныш билей жөнеледі.

Сол кезде мен әндетемін. Әлгі көкірегімдегі шаттық сыртқа шығар саңылау іздеп, ішкі дүниенді мың саусағымен түрткілеп жатады. Әнге мейірімім қанбайды. Сонан соң өлең жазамын. Осы кезге шейін қанша дәптер толтырдым мен! Бірақ, бірі маған ұнаған емес. Төбемдегі көгілдір аспан, шырылдаған бозторғай, кешкілік жұмақ боп кететін Аршабай алқабы, тамылжыған айлы түні — бәрі-бәрі де кей сәтте маған ренжіп тұрғандай боп көрінеді. Өйткені, менің өлеңімдегі сұлулық, сол сұлулықтардың бір-ақ ұшқыны тәрізді. Кейде өзіммен-өзім арпалысып отырып қойлардың қалың бүрген арасына шашырап кеткенін, я болмаса алтын күннің қызарып ұясына еніп бара жатқанын байқамай қаламын. Кешкілік қойды айдасып кетуге не әкем, не Ыбыш келеді. Әкем келсе менің адам болуымның қиын екенін тағы бір есіме салып, ұрысып жүріп қойларды жинайды, Ыбыш келсе менімен ісі де болмай үндемеген бойы малды топтап қораға айдайды.

Оның үйленгеніне де жиырма шақты күн болып қалды. Әйтсе де, бәз-баяғы қалпы. Тәні мен жанына инедей де өзгеріс енбеген. Осы кезге

шейін мен оның Салтанатпен сөйлескенін бір көрген жоқпын. Той өткен соң оларға төрт қанатты бөлек үй тігіп, жеке шығарғанбыз. Бізден қысылып сол жақта сөйлеспесе, көзімізше тілдескен емес. Жаңа ортаға келген жас адам мынадай суық үйден жабырқап, жалғызсырап жүр-ау деп Салтанатқа қатты жаным ашыды. Кейде оның сыңғыр ете түскен күлкісін естіп қалсам, арқамнан ауыр жүк түскендей қуанып сала беремін.

Салтанаттың мінез-құлқы мен армандағандай боп шықты. Ол той өткен соң-ақ үй-ішінің тірлігіне араласып кетті. Апам алғашқы кезде: “Ойбұй, қарағым, өзім-ақ істеймін. Бұл тірлік біткен бе, кейін де жетер, әлден не қыласың”, — деп шыр-шыр етіп оны ауыр жұмысқа жолатпайды. Бірақ ол: “Кейін тірлік болса бола жатар, апа. Жұмыссыз қайтіп отырамын, маған беріңіз”, — деп апамның иығынан әкпішін алып сонау құдықтағы суға кетеді, не нәкәлай заманынан қалған нән сары самауырды майыса көтеріп далаға ап шығады.

Міне, қазір де ол төрт құлақты қара қазанды жер ошаққа асып, ішіне ернеулете су құйып жатыр. Күн батып, қызылы сөнген шақ. Бүгін желкем жоқ болған соң қойларды есік алдына иіріп тастағанбыз. Салтанат бір құшақ кепкен қурай әкеп отқа салды да, сіріңке шағып от жақты. Сұйық көкшіл түтін қазан үстінен созамықтанып барды да тілдей жалын бұрқ ете қалды. Сәлден соң түтін жойылды да, ол үлкен жалынға айналып, қурайлар шытырлай жөнелді. Қызыл жалқын от жарығымен Салтанаттың сұлу тұлғасы, қыр мұрыны мен дөңгелек жүзі ап-анық көрінеді.

— Қайыркен, — деді ол бір кезде жалын тасасынан шығып.

— Әу.

— Сен ошақ қаза аласың ба?

— Қайдам... Бірақ, несі бар дейсің.

— Онда, басқа жерден жақсылап жаңасын қазып берші. Мынау тым терең екен, оттың қызуы қазанға аз барады. Ыбышқа айтып ем, “өзің қазып ал” деп көнбей қойды. “Қолым тимейді”, — дейді. Қолы тимейді емес, қолынан келмейді ғой деймін соның, ә? — Сөз соңын оның

сыңғырлаған күлкісі көміп кетті. Әдемі күлкі, ерке күлкі. Оның бұл сөзі мен күлкісінде еріне деген жарасымды әжуа, жеңіл ғана байқалмас наз жатыр еді.

— Жарайды, жарайды, қарап отырмын ғой. Қазір-ақ қазып берейін.

— Жо-жоқ, қазір шаршап келдің, әрі қараңғы. Ертең қолың босаған кезде, мақұл ма? — Ол жас бала секілді түтін кірген көзін екі қолымен құшырлана уқалап бері қарай жүрді. Есік алдындағы ер-тоқымның үстінде домбыра шертіп отырған менің қасыма келіп тоқтады да:

— “Гауһар тасты” сала аласың ба? — деді еңкейіп.

— “Гауһар тас?” Ән бе?

— Иә, ән. Бірінші рет естіп отырсың ба?

— Жоқ, ә... Домбыраға ән жақсы келмейді дегенім ғой. Одан да күй тартып берейін.

— Жоқ, — деді ол кеудесін тез жоғары көтеріп алып. — Күй өз жөнімен, ал домбыраға ән де жақсы келеді. Бірақ, сен тарта алмайсың. — Салтанат осыны айтты да үйге кіріп кетті. Мен қатты қысылып қалдым. Оның күлкісі құлағымнан біразға дейін кетпей қойды.

Салтанат апам мен маған өте тез үйреніп кетті. Үйде әкем мен Ыбыш жоқта ол апамды өзіне жақ қып алып мені мазақтайтын да болды. “Дұрыс қой, апа, ә?”, “апа, сіз айтыңызшы, солай емес пе?”, “апа, оны сіз де білесіз ғой” деп мен жасаған кейбір оғаштықтарымды күлкіге айналдырады. Апам болса: “Е, әрине қарағым, білемін ғой” деп оны бас изеп қостайды да, Салтанатқа одан бетер желік бітіріп қояды. Ара-арасында өзі де ықыластана күліп, мәз-мәйрам боп жадырап қалады. Салтанаттың жеңіл әзілдері кейде жаныма батып кетеді. Мен құлағыма шейін қызарып намыстанып қаламын.

Бір күні менің оған көрген түсімді айтып бергенім бар. Түсімде бір қора қыздың ортасында жалғыз өзім жүр екенмін-ау деймін. Қыздардың бәрі де “Мың бір түндегідей” малына киінген, үрдей сұлу. Мен олардың ортасында отырып ән айтамын, домбыра тартамын. Әрқайсысымен кезек-кезек алтыбақан тебемін. Сөйтіп жүріп, осы қыздардың ішіндегі ең бір сұлуына ғашық болыппын-ау деймін. Ол да

мені құлай сүйеді. Ал, қалған қыздар бізді көре алмай теңізге батырмақ болады. Екеуміз қайыққа мініп қашамыз. Олар үлкен-үлкен самұрыққа айналып қуады. Қасымдағы қыз ақ шабаққа айналып, мен шортан боламын да, теңіз түбімен жүзіп отырып белгісіз бір жағадан шығады екенбіз. Жағаға жеткенде мен есімнен танып қаламын. Қасымдағы қыз есімді жидырмақ боп теңіз суынан бүркеді. Селт етіп көзімді ашамын...

Осы кезде оянып кетіппін. Мен бүрген арасында кітап оқып жатып мызғып кетсем керек. Осы түсімді айтып бергенімде Салтанат еріндерін сәл ғана ашып ықыластана тыңдады. Соңғы жағында қыздан бұрын талып қалғанымды келеке етіп рахаттана күлді. Сонан соң менің сұлу әйел алатынымды, өмір жасымның ұзақ болатынын айтып, әлгі түсімді өзінше жорып жатты. Ал, ертесіне мен әлгі түсіме сәйкес екі шумақ өлең жазған болатынымын. Мені мазақтап күліп отырған бір күні ол көзімді бақырайтып қойып әлгінің бәрін апама айтып бермесі бар ма? Жерге кіріп кете жаздадым. “Айтпа” деп ернімді тістеп, басымды шайқасам да тыңдар ол жоқ, қайта, “Әні, қараңызшы, айтпа деп маған жұдырығын түйіп тұр. Нанбасаңыз бар ғой, сол қызға арнап жазған өлеңі бар, оқып берейін бе?” — деді.

— Е, оқи қойшы.

— Міне, тыңдаңыз.

Айналам гүлдей ару қыз,

Сезімге мас боп әндеттім.

Сүйдім де құшып біреуін,

Теңізді төрлеп мен кеттім.

Азапқа тәңір ризамын,

Көгімде тұрса күліп ай.

Түсімде көрген сол бір сәт

Өңім боп кетсе, дариға-ай!

— Қараңызшы, өзі әжептәуір ақын, апа, ә?

Апам не десін, үндеген жоқ. Тұсау есіп отырған бойы ақырын езу тартты да қойды. Бұл күлкіден одан бетер қысылдым. Өленді

Салтанатқа бір-ақ рет оқып беріп едім, оны қалай тез жаттап ала қойғанына қайран қалдым.

Апамның алдында мені қатты қолайсыздандырғанын енді ғана байқаған кісіше ол “ештеңе етпейді” дегенді аңғартып, сәл басын изеп көзін жұмды да, далаға шығып кетті.

Тамақ ішіп болған соң сыртқа шықсам, сонау ойпаңдағы құдықтан Ыбыш екеуі қауға тартып жатыр екен. Одан алысырақта жердің ақ тозаңын аспанға көтеріп, суға қарай әкем қой айдап келе жатыр. Мен солай қарай жүрдім. Ми айналдырар шаңқай түс. Күздің келгенін білдіріп, сары даламен мизамдар шұбатыла ұшып барады. Олардың бірі құлқайырларға, бірі бүргендерге ілініп, енді біреулері тура бетіңе келіп желімдей жабысады. Ыстық топыраққа бауыры күйген кішкене кесірткелер мен білезіктер зу-зу етіп жолды кесіп өтіп жатыр. Анадй жердегі жусан түбінде ыстықтаған бозторғай аузын ашып, жан-жағына жалт-жалт қарап қояды. Келе жатқан жүргіншіден қауіптеніп, кішкене қанатын қомдап ұшуға әзір отыр.

— Мен құдық басына жеткенімде Ыбыш: Неге келдің? — деді бетінің терін жеңімен бір тартып.

— Негесі қалай? Жәрдем бермеймін бе? Өзің түйе жетектеп, қауғаны Салтанатқа тартқызып қойғаның қалай?

Ыбыш Салтанат жаққа жай бір қарады да қолын сілтей салды.

— Қауға тартқаннан өледі дейсің бе? Тартсын. Бұрынғының әйелдері қауға тартқан былай тұрсын, қырық құлаш құдық та қазған.

Мына сөз жүрегіме тікендей қадалды. Және “бұл сөзім Салтанаттың көңіліне келеді-ау, ренжиді-ау” деп ойлап тұрған ол жоқ, келіншегіне назар да аудармастан түйесін жетектей берді. Түйе ана басқа жеткенде қауға да құдық аузына кеп кептелді. “Тарт-ай!” деді ана жақтан Ыбыш. Салтанат қауғаның жібінен ұстап, нәзік қолымен дірілдей көтерді де, суын астауға ақтарып жіберіп, бос ыдысты құдыққа қайта тастады. Ол кеудесін көтеріп, маңдайының терін сүрткенде, сүйкімді жүзінен Ыбышқа деген ешқандай реніштің ізін байқай алмадым. Ыстық күннен екі беті алауланып, құлпыра түсіпті. Мені көрген бетте күлімсірей

қарады да: “Ауыр-ей әжептәуір”, — деді бетінің терін сүртіп. Мен оның ренжімегендігі үшін іштей қатты қуандым.

Сәлден соң Ыбыш біздің қасымызға келіп: “Ақыры келуін келдің, түйені сен жетекте, мен ат суарайын, таң атқалы су ішкен жоқ”, — деп қара нардың бұйдасын маған ұстатты да өзі сонау қара тұмсықтың бергі бауырында тұсаулы жүрген күрең қасқасына қарай кетті.

Біз екеуміз қалдық. Ыбыш ұзаған соң Салтанат: “Әй, осы мені аямайды-әй, — деді күліп, — онысы несі екен. Мені өзі сияқты палуан деп ойлайды ғой деймін бір. Құдыққа келген сайын қауғаны ылғи маған тартқызып, өзі түйе жетектейді. Сөйтіп жүріп жөндеп тартпайсың деп ұрсатыны бар тағы да, астапыралла!..”

Салтанаттың бұл үнінде реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің қатал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр еді.

— Сен шаршадың ғой, қауғаны маған бер де, түйені жетекте, дедім Салтанаттың қолына шуданы ұстатып. Ол алғашқы кезде: “Шаршаған жоқпын, өзім-ақ тартамын” деп қарсыласты. Сонан соң: “Сен де мен сияқты нәзіксің, құдыққа түсіп кетесің” деп мазақтауға көшті. Бұл сөз шымбайыма батып, томсырайып қалдым. Ол басын төмен салбыратып құдық түбіне қарап отыр. Менің ренжігенімді байқаған жоқ. Бір кезде: “Қайыркен, Қайыркен! Ана қарашы, құдық түбінен менің суретім көрініп тұр, — деді. Әлгі сөзіне ренжігенімді білдірмек боп үнсіз тұра бердім. Сол сәтте ол басын көтеріп күлімсіреген қарақаттай жанарын маған қадады да “кел енді” дегендей басын изеді. Мен жай-жай басып оның жанына жақындадым. Оның көңілді сәттерін бұзғым келмеді.

— Қане?

— Әні, қарашы. — Мен құдық түбіне көз тастадым. Шыңыраудың сонау түбінен бізге де өзіміз сияқты екі адам қарап тұрды. Олардың да ар жағында көгілдір тұнық аспан. Біз күлсек олар да күледі, қол шошайтсақ олар да шошайтады. Салтанат кенет тағы сөз бастады.

— Алдың күні мен дәл осы суретті Ыбышқа да көрсеттім...

— Е, ол не деді? — Мен елең ете түстім. Ол мөлдір суға маржан сепкендей сылдырап тағы бір күліп алды да:

— Ол не деуші еді. Ұрсып берді. Денің сау емес сенің, — деді.

Мен еріксіз күліп жібердім. Оған деген әлгі ренішім бір шөкім жазғы бұлттай лезде ыдырап кетті. Содан соң екеулеп жұмысқа кірістік. Ол түйе жетектеді, мен қауға тарттым. Сәлден соң қойлар да келіп, үлкен астауға лап қойды. Бірі су ішіп, енді бірі қанатын сулап отырған бозторғайлар тоз-тоз болды.

* * *

Күзгі қыркын маусымы да келіп жетті. Аз күнге созылса да бұл қойшыларды едәуір аласапыранға салып, аяғынан тік тұрғызып кетеді. Қой қырқатын пункт бізден алыста, отыз шақты шақырым жер. Оған барып-келгенше екі-үш күнің кетеді. Ол жақта кезек күтіп жатып қалмасаң бір қора қойды қырқу деген сөз емес. Тұс-тұстан қайшыларын сырылдатып, жалаңдатып тұрған қырықтықшылар бір отарыңды түске дейін жалаңаштап қоя береді.

Алыс жолға жүре алмайтын ауру-сырқау, арық-тұрақ саулықтарды қорада қалдырып, әкем мен Ыбыш таң алакеуімнен малды айдап кетті. Жүретін күнге дейін қой қырқымға әкем екеуіміз баратын боп отырғанбыз, бірақ, бір күн бұрын кешке колхоздан Амангелдінің автоклубы жау қуғандай жетіп келіп, құдық басына су тартатын мотор тастап кетті. Колхоз бастығының «моторды құрып беріп қайт» деп жіберген Әскербек деген тракторшы жігіт: “Мотор құру — айт-шу деп қой айдау емес, сондықтан, гайканың астын ұстап тұруға жарайтын бір көмекші қалсын” деп жер-дүниені топан су алдырған соң әкем “темір-терсектің иісі мұрнына баратын” мені ауылда қалдырды. Олардың қойын 3-4 шақырымдай келетін Қостөбеге шейін айдасып салып, кері қайттым. Үйге таянып, еңістегі жолмен төмен түсе бергенімде сонау Қаратаудың ар жағынан қылтиып күн де көтерілді. Ол өзімен бірге бар әлемнің сұлулығын ала шықты. Кең дала мен қырат біткенді алтын арай аралап жүре берді. Аспан тап-таза. Біздің үйдің арқалығына келіп тырнақтай имек ай тұрып қапты. Ол мына далаға түні бойы күміс сәулесін аямай шашамын деп азайып, қалжырап қалған секілді. Менің

қарсы алдымдағы Аршабай алқабы әлі қара көлеңке құшағында. Ойпаңдағы есігі ашық екі үйдің алдында Салтанат ас қамына кірісіп, будақтата от жағып жүр. Көкпеңбек қи түтіні желсіз тымық ауаға тіп-тік көтеріліп, қыр қойнауларын кеулеп ғайып болып жатыр. Әріректе апамның тауықтарға жем шашып, “ту-ту-ту” деп шақырған таңғы дауысы құлаққа ап-анық естіледі. Қара көлеңке алқап жақтан оқтын-оқтын лып ете түскен жібек самалмен бірге қи түтінінің қоңырқай иісі келеді.

— Ой, айналайын, кешіктің ғой, соншалықты алысқа ұзай бермей-ақ, ана қырдан асырған соң қайта бермедің бе? — деп қарсы алды апам мені үйге келгенде. — Шаршайды деп бір ойласа қайтеді екен. Салтанат, Қайыржанға салқын айран берші.

Апам өзге кемпірлер сияқты “келін” деп жатпай-ақ, оны өз қызындай көріп “Салтанат” деп атап кеткен. Апамның бұлай деуі Салтанатқа да мейлінше ұнайды. Ол менің нақ бір кішкене қарындасым секілді қазаннан құйып алып жатқан сүтін сол бойы қоя салып “қазір, апа” деп өздерінің кішкене отауларына кіріп кетті де, сәлден соң сырлы зерен тостақты салқын да майлы айранға шөпілдете толтырып әкеп маған ұсынды. Айранды сіміріп жатып қарсы алдымда тұрған оған еріксіз көзім түсіп кетті. Дәл қазір Салтанат түскеніне 3-4 ай болған келіншектен гөрі, кәмелетке жаңа толып, тұңғыш рет биге барған жас қызға көбірек ұқсайтын еді. Елегізиген еліктің жанарындай мөлт-мөлт етіп ойнақшыған көздері өз иесінің бейкүнә пәк сезімділігін паш етіп тұрғандай. Бақытты күлкі ойнаған әсем еріндерінің ар жағынан көрінген аппақ әсем тістері төгіле кететін ақ маржан секілді тізіле қалған. Аршабай таңындай арайлы жүзі мен тізесіне төгілген білектей қос бұрымы, ақ тәніне жабысқан көк жібек көйлегі оны бұрынғыдан да құлпыртып, көріктендіре түсіпті.

Тостақты босатып өзіне қайтып бергенімде менің ішіп болуымды күтіп тұрған ол ыдысты қолына ала беріп:

— Тағы?.. — деді сұраулы пішінде басын сәл ғана изеп.

— Жоқ, жетеді. — Ол тез-тез басып отау үйлеріне кіріп кетті.

Мен қорада қалып қойған бес-алты арық-тұрық малды Қаратұмсықтың бауырына айдап апарып қайтып келдім де үйге кірдім. Ыбыштың бұрынғы сықырлауық кереуеті маған тиген. Қазір онда Әскербек жатыр. Үйге кіріп келсем, ол басы қазандай боп әлі ұйықтап жатыр екен. “Шаршап жүрген ғой, біраз ұйықтай тұрсын” деп қайта шықтым. Сонау құдық басындағы моторға барып, ары-бері шұқылап көріп те қайттым. Күн де көтеріліп кетті. Енді сәлден кейін ыси бастайды. Осы кезде үй жақтан: “Қайыр-ке-ен” деп айқайлаған дауыс естілді. Солай қарай көз тастадым. Ағаш бөшкенің үстіне шығып, қол бұлғап шақырып тұрған Салтанатты көрдім. Демек, тамақ дайын болғаны ғой. Астаудағы суға жуынып, жартылай сүртініп, жалғыз аяқ жолмен үйге қарай жүгіре жөнелдім. Келсем, Әскербек далада жүр екен. Бақан бойы көтеріліп қалған күнге көзін сығырайта қарап, есінеп қояды. Мені көрген соң екі бүйірін таянып берірек жақындады да:

— Қайдан келесің? — деді өз сұрағына ешқандай да мән бермей енжар ғана.

— Құдық жақтан.

— Моторды көрдің бе?

— Иә.

— Байқа, шұқылай берме, бұзып аласың. — Ол осыны айтты да теріс айналып маңыздана бір қақырынып қойды. Мені бір түк білмейтін жас бала көріп тұр шамасы.

— Түу, қалай өмір сүресіңдер-ей, жалғыз, — деді әлден соң ол айналасына қарап. — Жарылып кетпей қайтіп жүрсіңдер. Мен байлап қойса да тұрмас едім. Бұл жерде тансы да болмайтын шығар.

— Болады, неге болмайды, — дедім қыжырым қайнап.

— Е, қойшы, кімдер билейді?

— Қошқарлар мен саулықтар.

— Ой, шегірткенің айғырындай болған неме, үлкен адаммен қалай сөйлесесің өзің?! Тілін қара. Сендердің мені сыйлауларың керек. Мен сендерге мотор құрып беремін, білдің бе, мотор! — Осыдан соң ол

ренжіген кейіп көрсетіп, тышқан қазып тастаған төмпешіктің үстінде көпке шейін үнсіз отырды да:

— Үйлерінде арақ бар ма? — деді дауысын бәсеңдетіп.

— Қойшының ауылында неғылған арақ?

— Онда сен түк те білмейтін шикі екенсің. Арақтың кені қойшыларда. Олар жәшігімен әкеп қояды. Мүмкін, жасырып тұрған шығарсың?

— Жоқ, шын сөзім.

— Ал, шылым ше?

— Біздің үйде ешкім шылым шекпейді.

— Түу, өздерің қандай адамсыңдар, мәдениет дегеннен жұрдай екенсіңдер ғой!..

“Мұндай жағдайда жұмыс істеу қиын болар” дегендей ол ауыр күрсініп орнынан тұрды да, үйге қарай беттеді. Оның мотор құрып көгертпейтінін біліп, мен де терең бір дем алдым.

Тамақ ішіп болған соң екеуміз түске жақын дегенде үйден әзер шықтық. Ол құдық басына келген соң әрі-бері шұқыланып жүріп шаңқай түсті қылды. Сонан соң: “Шөлдедім, ашымал әкел, айрандарыңнан жусан иісі шығады екен” деді. Ашымал әкелген соң ол қабақтың жармысына шейін еңсеріп, түбіндегі қоюынан жеп болды да қарнын сипалап біраз жатты. Бір кезде:

— Ей, сенің жеңешең сұлу ғой, ей. Ыбышқа қалай тиіп жүр? — деді басын көтеріп. — Ондай әйелге Ыбыш түгілі мына бармақтай біз сияқты жігіттердің де қолы жетпей жүр. Ақша төлеп алдыңдар ғой, ә?

Оның бұл сөзі жаныма батып, намысымды қоздырды, сонымен бірге, жеңешеме деген қызғанышымды да оятты.

— Әй, мотор құрмасаң құрып кет, бірақ абайлап сөйле — дедім оған тайсалмай қарап. — Сен Ыбыштан артықпын деп отырсың ба? Ондай әйелге қолың жетпесе, боркемік, жасықтығыңнан гөр!

— Мәссаған! Сонда Ыбыш қызды өткірлігімен, батылдығымен түсірді деп ойлайсың ба? Әкесі Тұрымбет әперіп отыр. Ағаңның көкпар

шабудан басқа не өнері бар. Бүгінгі қыздар ондай өнерге қызықпақ түгілі пысқырып та қарамайды. Әкесі болмаса әйелсіз қалар еді ол. Көрдің бе енді, айдай сұлуға үйленгенін. Әй, түбі ол Ыбышқа қатын болмайды, — деді қайта шалқалап.

Мен бұдан әріге төзе алмай орнымнан атып тұрып оның жағасынан ала түстім.

— Тарт тілінді? Жатқан жерде мынамен жағыңды уатамын тура, — дедім ауыр балғаны жоғары көтеріп. — Сен осында соны айтқалы келіп пе ең? — Ол балғаға бір, менің ыза кернеп түтіккен жүзіме бір қарап қойды да: “Тарт әрі балғанды, — деді. — Бол, тез. Сәл кешіксең ол өз маңдайыңа тиеді”. Батылым жетіп бәрібір ұра алмайтынымды білген соң, оның жағасынан қолымды босатып кейін шегіндім. Сол сәтте ол білегімнен шап беріп ұстап балғаны жұлып алды да, түтіп жеп жіберетіндей маған ызғарлана ұмтылды. Мен кейін шегіне бердім. Оның еш нәрседен тайынатын түрі жоқ, қылқындырып өлтіруге дайын сияқты. Әлгінде мен оны ұруға аяп ем, ол аямауға бекініпті.

— Ал, мені ұрарсың, басымды жарарсың, — дедім шегіне-шегіне құдық шығырына тіреліп. — Бірақ есінде болсын әлгінің бәрін Ыбышқа айтып, жерге кіріп кетсең де таптырып аламын да додаға түскен серкедей тоз-тозыңды шығартамын. Айтпады деме!

“Ыбышқа айтамын” деген соң оның ызғары таппа тыйылды. Көтерілген қолы төмен түсіп, жуасып сала берді. Сонда да болса, ол сөздің жай оғындай тиген әсерін маған байқатқысы келмей теріс айналып кетті.

— Кешірдім. Әрі інім сияқты жас болған соң кешірдім, — деді ол күңк етіп. Сөйтті де, балғаны құдық жаққа лақтырып жіберіп, Аршабайдың қақ ортасынан өтіп бара жатқан машинаға қарай жүрді. — Ал қолдарыңнан келсе құрып ала қойыңдар, — деп Әскербек батырымыз сонымен тайып тұрды. Мен үн-түнсіз қала бердім. Іштей оның кеткеніне қуанып тұрмын. Мейлі, бір мәнісін тауып құрармыз моторды, далада қалмас.

Мен күн батқанша жуан-жуан бөрене кесінділерін мықтап қадап, енді шлангаларды тарқата бергенімде, әлдекімнің жұп-жұмсақ, мақтадай

алақаны екі көзімнен кеп баса қалды. Алғашында селт ете түссем де, артынша жүрегім қуаныштан лүпілдеп сала берді.

— Салтанат!

— Әрине табасың, менен басқа кім келеді, — деп ол қолын босатып алды да, қарсы алдыма кеп тұра қалды.

— Әлгі жігіт қайда?

— Кетіп қалған.

— Неге?

Мен сәл үнсіз тұрдым да:

— Орталықта қызым күтіп қалды дейді. Соған асығып кетті, — деп жалтара салдым.

— Е, е, солай де. Ертең келе ме?

— Жоқ.

— Мейлі, келмей-ақ қойсын. Өзі бір кергіп тұрған біреу ғой. Екеуміз-ақ құрамыз, ә? Ауыр болса атамдар келген соң бітіреміз, солай ма?

Мен басымды изедім. Сонан соң астаудағы суға жуынып алып, Салтанат екеуміз үйге қайттық. Батып бара жатқан күн сәулесі екеуміздің көлеңкемізді серейтіп-серейтіп көрсетеді. Салтанат көлеңкесін менің көлеңкеммен теңестірмек боп аяғының ұшымен жүреді, енді бірде тәлтіректеп жолдан шығып кетеді де “сен итеріп жібердің” деп маған жала жабады. Ал, кінәлі емес екенімді дәлелдеп берген соң “құлап бара жатқанымды көріп тұрып неге ұстамайсың” деп мені тағы тұйыққа тіреді. Өстіп келе жатып: “Қайыркен, таңертең қойларды өріске мен айдайыншы” деді. “Жарайды” дедім оның ұсынысына біршама таңдана тұрсам да. “Не, жайлауды көрмей жүр ме едің?” “Көрдім ғой, бірақ таңертең қой айдап шыққан тамаша!” “Қалауың білсін”.

Біз үйге де жеттік. Апам моторшы жігіт шаршап келеді деп киіз үйдің көлеңкесінде еттің қамырын асығыс жайып жатыр екен. Сыпыраны төңіректен жүрген тауық балапандарын “кіш-кіш” деп қолын сермеп,

дембіл-дембіл үркітіп қояды. Моторшы жігіттің жоқ екенін көріп ол кісі: “Өйбай-ау, әлгі бала қайда?” деді таңдана.

— Кетіп қалыпты, — деп Салтанат менен бұрын күле жауап берді. — Орталықта қызы күтіп отыр екен дейді. Соған асығып кетіпті.

— Ой, тоба-ай, — деді апам ернін сылп еткізіп. — Бұ заманның қыздары күтеді әні. Қарны ашып келеді деп шала бүлініп жатысымыз мынау... Ал, ана су тартқышын қашан орнатады екен?

— Оны Қайыркеннің өзі құратын боп отыр, апа. Ағаштарын қадап, дайындап қойыпты.

— А, неғыл дейді құдай-ау! Ол сенің қолыңнан келе ме?

— Келмегенде... Онда тұрған не бар, — деп қойдым даусымды нықтай түсіп. — Ыбыштар келгенше Салтанат екеуміз-ақ дайын қыламыз.

Бұдан соңғы апамның мені айналып-толғануын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мотор құра алатын қара баласынан да айналды, оған жәрдемші ақсары келінінен де айналды. Бәріміз көңілді жүрдік. Бізбен қосылып кейде апамның да бала боп кеткісі келеді.

Үйде әкем мен Ыбыш болмаса, осылай бір жаймашуақ боп қалатын жайымыз бар.

* * *

Таңертең орнымнан тұрсам үйде ешкім жоқ екен. Апам мен Салтанаттың төсектері тап-тұйнақтай боп сандық үстінде жиналып қапты. Өз отауларында жалғыз ұйықтауға қорқып, Салтанат апам екеуі қатарласып жатқан. Мен тез-тез киініп сыртқа шықтым. Күн енді ғана көтеріліп келеді екен. Апам есік алдында ертеңгі шай қамына кірісіп, самауыр жағып жатыр.

— Тұрып қапсың ғой, жата тұрмадың ба? — деді апам самауырдың астын шұқылап жатып, — сүрлігіп бара жатқан тірлік жоқ қой.

— Түске шейін ұйықта дейсің бе енді. Салтанат малды айдап кеткен бе?

— Иә. Қайыркен ұйықтай тұрсын, мен-ақ жайып келейін деп кетті.

Апамның «тамақ іш» деп бәйек болғанына қарамай бір кесе айранды сіміріп салдым да, құдық жаққа тарттым. Өткір күректі қолыма алып, шұқыр қазғалы еңкейе бергенімде, сонау Қаратұмсықтың ар жағынан созыла шыққан әйел даусы естілгендей болды. Демімді ішіме тартып, тына тыңдадым. Таңғы ауаның толқынымен әлгі дауыс тағы бір естілді де, қайта өшті. Мен бойымды түзеп, қимылсыз қалдым. Бұл жолы ұзақ, әрі созыла шықты. Ол үн әлдеқалай бір әсем әуенді еске түсіріп кеткендей болды. “Қандай ән еді?” Алға қарай бірнеше аттап, биіктеу дөң басына шықтым. Әлгі дауыс дірілдеп ап-анық естілді. “Ән ғой бұл! “Ғауһар тас”. Ол Салтанат болды ма сонда? Әрине, одан басқа, пері болмаса кім бар ол жақта?”

Мен жұмысты тастай салып, Қаратұмсық жаққа жүгіре жөнелдім. Аршабайдың таңғы самалы бетті аймалап, қоңыр көйлегімді жел кеулей жөнелді. Жол жиегіндегі шаң сіңген бүргендерден ақ тозаң бұрқырап қалып барады. Аяғымның астындағы кепкен шегірлер мен қурайлар шытыр-шытыр сынып жатыр. Қатты жүгірген сайын гулей түскен жел әлгі үнді маған қайтып естіртпей қойды. Ентігіп, аз-кем кідірдім. Дауыс жаңағыдан гөрі ашығырақ естілді. Тағы ілгері ұмтылдым. Қаратұмсыққа жақындаған сайын әлгі ән әуені де айқындала түсті.

Шаршағанымды мүлде ұмытып, Қаратұмсыққа жеткен соң, қыр басына өрмелей жөнелдім. Оның шың басына шығып, үлкен қара тастың тасасына кеп отырдым да осы жерден ойпаңға көз тастадым. Төмендегінің бәрі алақандағыдай ап-анық көрінеді.

Әні, анау тақыр күзге шейін қурамайтын гүл атқан құлқайырлардың арасында Салтанат жүр. Оның күлгін түсті жұқа көйлегі сол құлқайырлардың гүлімен біте қайнасып кеткен сияқты. Оның өзі де жел тербеген бадана гүлдей кең далаға еркелеп, бұлаң қаға әндетеді.

Ол әнді қандай ғажап айтатын еді. Ерке мінезді, сәби сезімді менің жеңешем әнші де екен-ау! Оның дірілдеп шыққан ашық үніне мына тастар да, анау созылып жатқан кең дала да ұйып қалған секілді. Қыр басынан көтеріліп келе жатқан күн Қаратұмсық бауырынан кенет естілген әсем әнге танданып, бір орнынан жылжымай қатып қалыпты.

...Беу-беу гауһар тас,
Құсни құрдас
Раушан жүзін көргенде,
Сәулем-ау, мейірім қанбас...

Салтанат әннен өзге дүниенің бәрін мүлде ұмытып кеткен секілді. Ол бірде көк аспанға шалқалай қарап, дәл төбесінде шырылдап тұрған бозторғайдан көз алмай әндетеді, енді бірде ерке қызының нәзік үніне тамсанып, көзін жұмып, балқып жатқан кең даласын түп-түгел құшағына сыйдырып алғысы келгендей екі қолын жайып тастап, айналасына таусылмас махаббатпен мейірлене қарайды. Осы даладағы сұлулық біткен Салтанаттың кеудесіне кеп құйылып жатса, оның өн бойындағы сұлулық көмейінен ән боп төгіліп, төңіректі жаңа леп, жаңа нұрға бөлеп тұрған сияқты.

Мен оның әнін қимылсыз ұзақ тыңдадым. Аршабай аспанында салтанат құрған әсем ырғақ, сазды әуен қиялыңды ғажап бір дүниеге жетелеп, жалаңаш тәніңе мың ине шанышқандай өн бойыңды оқтын-оқтын дуылдатып, еркінді түгел тұтқындап алады.

Біраздан соң Салтанат әнін бітірді. Мен маналы бері тыныс алуды ұмытып кеткен жан секілді енді ғана демімді алып орнымнан ақырын көтерілдім. Жібек торғын жел де лып етіп, құлқайыр гүлдері ырғала жөнелді, қырқа басында тұрып қалған күн де енді-енді есін жиып ілгері қозғалды. Мен қара тастың үстіне шығып “Салта-на-а-т” деп айқайладым. Ол селт еткен маралдай маған жалт қарап, екі бетін алақанымен басып отыра кетті. Артынша қайта тұрып, қалың құлқайырдың арасына еніп жоқ болды. Ол жақта да барқадар таба алмай қайта шықты да маған қарай кішкене сүйкімді жұдырығын көрсетіп қойды. Ол айтқан әні үшін ұялып, не істерін білмей жүр.

Мен қырдан төмен домалай түсіп оның қасына келдім. Салтанаттың жүзі бал-бұл жанып, таңғы құлқайыр гүліндей құлпырып кетіпті. Ұшқын шашқан мөлдір жанары махаббатқа, сезімге, қуанышқа, әнге толып тұр. Қысылғаннан екі беті албырап, бірде маған, бірде төмен қарайды.

— Сен... бәрін тыңдап тұрдың, ә? — деді ол бейне бір кінәлі адамдай.

— Иә...

— Сенің түк ұятың жоқ. Қалай ғана... Өй, ешкімге айтпашы мұны, Қайыркен, жарай ма?

— Айтамын. Қазір тура апама барып айтамын. Салтанат әнші екен деймін. Өткен жолы сен де көрген түсімді апамның алдына жайып салып, өлеңімді оқып бергенсің. Енді есеп айырысамыз, білдің бе?

Ол одан бетер қызарып кетті. Имек қасы дір-дір етіп, жанарына бір ұяңдық ойнап шыға келді.

— Мейлі, айтсаң айта бер, — деді ол сәлден соң бұртиып. — Бәрібір мен мойындамаймын. Сөйтті де, көк орамалын маған қыр қылғандай бір маңдайына тәкаппарлана тартып, бытырап жайылып жүрген қойларға қарай кетті. Сәл ұзаған соң ұзын бір құлқайырды сындырып алып, малды үйге қарай айдады. Қойлардың бір шетін қақпайлап, онымен бірге мен де қозғалдым. Ішімнен ерке мінезіне күліп келем, сүйсініп келем. Ауық-ауық ұрлана қараймын. Қораға 40-50 қадамдай қалғанда қойларды сол жердегі қураған раң-ебелекке жауып тастап үйге беттедік. Менен қол созымдай ғана артта келе жатқан Салтанат кенет жүгіріп алдыма түсті де:

— Сен шынымен айтасың ғой деймін осы, — деді мені тоқтатып.

— Енді ше, айтамын. Апа, деймін, Салтанат бар ғой, нағыз әнші екен деймін. Ол кісі сонан соң саған өлең айтқызады.

— Жалынамын, Қайыркен айтпашы. Мен жай... Әйтпесе түк те ән айта алмаймын ғой. Кей-ін, кейін, бір жылдай өткен соң өзім-ақ айтамын, жарай ма?

Мен оның жүзіне көз тастадым. Өзі шынымен әбіржіп, қиыла өтініп тұр. Тұп-тұнық жанары келісуімді күтіп, мөлт-мөлт етеді. Оны аяп кеттім. Апамның алдында әзірге ұялтпай-ақ қояйын деп шештім де:

— Жарайды, — деп басымды изедім. Ол қуанғаннан секіре жаздады. Жүзіне күлкі ойнап шыға келіп, кішкене отау үйлеріне қарай тез-тез

басып жүріп кетті. Үйге кіріп, киіз үйдің алаша есігі теңселуін тоқтатқан кезде ғана мен құдық жаққа қарай бұрылдым.

* * *

Қаратау алқабының ақпандатқан қысы да келіп жетті. Бұл жердің жаймашуақ жазы қандай жомарт болса, арқаны кеңге салып, ұзын арқау, кең тұсау жатқан кейбір шаруа иелерінің апшысын бір уыс қып тәубеге келтіріп кететін ашулы бораны да бар. Жердің оты ұшып, қарашаның ызғары біліне бастағаннан-ақ біз Аршабайдан отыз шақырым келетін Қосінген деген қысқы жайылымға көшкенбіз. Осында кеп, бел шешіп жаңа қонысқа енді бой үйрене берген шақта жапалақтап қар жауды. Бірақ ол сәскелікке жетпей-ақ дел-сал боп еріп кетті. Екі күннен соң аспанды сұрғылт бұлт қаптап, Қаратау жақтан баяу жылы леп есті.

Таңертең далаға шықсам, бар маңай аппақ көрпе жамылыпты. Қыс. Ақша қар! Төңіректегі құлқайырлар мен қурайлар сидиып-сидиып үнсіз тұр. Аспан әлі бұлыңғыр. Көкем сонау беткей жақта қой айдап бара жатыр. Есік алдында қар көміп қалған ер-тоқым, алаша дегендерді қағып-сілкіп Ыбыш жүр. Осы кезде түпкі бөлмелерінен шығып келе жатқан Салтанатқа қарап:

— Салтанат! Қар! — деп айқайлап жібердім.

— Қар?! Қане?! — Ол жүгіріп келіп сыртқа көз тастады. Қарды көрген бетте есік алдында тұрған мені итеріп тастап, үйде киіп жүрген кебісімен далаға жүгіре шықты. — Қандай тамаша, қандай ғажап! Міне, бері қара! — Салтанат ұлпа қардан уыстап алды да, шалқалап тұрып аузына салып жіберді.

— Өй, есерсоқ, — деді бағаналы бері оған “Жынды ма, сау ма” деген кісіше үнсіз қарап тұрған Ыбыш. — Қар жегені несі ол. Ауырып өлесің, кір үйге!

— Өлмеймін, — деді ол уысындағы қалған қарды тағы асап. — Ал сен ойын білесің бе?

— Неғыл дейді.

— Ойын білесің бе деймін?

— Не айтып тұр мынау, ойыны несі ол!

— Кәдімгі ойын. Міне, мынадай. — Салтанат ұлпа қардан уыстап, оны сығымдап, сығымдап алды да, Ыбышқа қарай лақтырып жіберді. Ыбыш ауыр денесін тез игеріп еңкейемін дегенше сығымдалған қар оның малақайын ұшырып түсірді.

— Әй, бұның не бұл, — деді Ыбыш, ашуланып. — Үйбай, бір бәле көрдің бе? Жоғал әрман!

Салтанат ішек-сілесі қатып майыса күліп тұр. Ыбыштың қызараңдай ұрысқанын елейтін емес. Жалпы, мен осы уақытқа дейін Салтанаттың Ыбышқа ашуланғанын көрген емеспін. Анау болса, қозға құйылған судай қож-қож етіп кеп оған ұрысады, ал кейде, өтірік-шыны екенін білмейсің, былғауыштай жұдырығымен “осы-а...” — деп кеп талдырмаштай келіншегін қойып қалады. Әйел деген нәзік-ау, бір жерін ауыртып ренжітіп аламын-ау деген ой басына кіріп-шықса неғыл дейсің. Салтанат осындай сәттерде сәл үндемей қалады да, сәлден соң жаз күлкісіне қайта енеді. Ыбыш оған алара қарап, қолын бір сілтейді де шығып кетеді. Әні, ол қазір де Салтанатқа ұрсып тұр.

— Әй, неге күлесің-ай, — дейді ол малақайын киіп жатып. — Осы да күлкі ме. Таяқ жемей тынбауға бекігенсің ғой өзің.

— Адам таяқты жемейді, не айтып тұрсың өзің, — деді ол жайбарақат күле жауап беріп. — Міне, былай етіп ұлпа қардан жейді. — Ол үлпілдек қардан тағы алып, ақша қармен бірдей аппақ тістерін көрсете бір шөкімін аузына салып жіберді. Ыбыш терең бір күрсінді де:

— Молдаға оқыту керек екен сені, — деп теріс айналып кетті.

Қарсы алдында тұрған келіншегінің бойындағы таптырмас еркелікті, жарасымды наз бен тәтті қылықты, бұралған сымбат пен күміс күлкіні байқамай кетті.

Ыбыш ұзаған соң Салтанат соңынан қарды шұбалтып ішке кірді. “Уув, ищай” деп мұздай дымқыл алақанын мойныма басқанда денем ду етіп ыршып кеттім. Ол темір пеш жанына барып ішіне қар толған кебісін шешті де, жып-жылы жұмсақ бөстектің үстіне тұра қалды.

— Үйбуй, қарағым-ау, бала боп кеттің бе, желең шығып қар кешкенің қалай? Ауруға шалдығып қаласың ғой. Міне, мұнда кеп отыр, — деп апам пеш алдындағы орнын Салтанатқа берді.

* * *

Бір күні таңертең әкемнің атын мініп, қой соңынан мен кеттім. Жайлауға жауған анадағы қар күнде қаптаған мың қаралы қойдың тұяғымен шұрқ тесік боп, қарадай таусылуға айналған. Сондықтан, біздің қой жаятын өрісіміз де күн асқан сайын қорадан ұзап барады. Қар бетінде қылтиған шетік, кекіре жантақ, жусандар, майда шөбі араласпаған соң қуырып жеген еттей берекесі қашып, тез таусылады.

Бүгін қойды сонау Қызылжар жақтағы кең жазыққа айдадым. Ол жақ мидай тегіс дала. Жорғалаған қоян мен түлкі болмаса, мал тұяғы әлі тие қоймаған. Күн бұлыңғыр. Бірақ, жайлау май тоңғысыз жылы. Соған қарағанда боран болатын сыңайы бар.

Ен жайлауға сұғынып, малды қалай болса солай бей-берекет өргізе бергенді әкем жақтырмайды. Жайлауды да жөндеп пайдалан, алда қандай күн боларын қайдан білдің деп ұрысады. Сондықтан, қойларды Қызылжарға сәл жеткізбей тарта жаптым. Уақ мал үшін қорада берген тау-тау шөп пен астау-астау жемнен гөрі өз аяғымен бір-бірлеп теріп жеген күртілдек жусаны мың есе артық. Түнімен ашығып қалған қойлар бытырай жайылды. Мен де аттан түсіп тартпасын босаттым да, ауырлығы жоқ деп ала шыққан үлкен тұлыпты қар үстіне төсеп кітап оқуға отырдым. Қарны тойғанша қойлар шашырап кете қоймайды. Осы кезде сонау үй жақтан ноқаттай боп бір кара көрінді. Жаяу ма, аттылы ма ол жағын айыру қиын. Мен орнымнан тұрып, оның жақындауын күттім. Сәлден кейін әлгі нүктенің аттылы адам екені анық болды. Осылай қарай шауып келе жатыр. Тіп-тіке емес, ары-бері қиғаштай шабады. Бұл маңайға келе қоятын аңшы жоқ, Ыбыш болса түлкі қууға онша қызыға қоймайды, әкем мен кеткенде қаннен-қаперсіз етік тігіп жатқан. Бұл келе жатқан кім болды екен енді?

Бір кезде аттылы кісі солға қарай бұрылып, қойнауға кіріп көзден ғайып болды. “Кім де болса түлкі қуған біреу ғой, алдынан шығайын” деп атқа тез міндім де солай қарай беттедім. Осы ойым расқа шығып,

қойнаудан қылаң ете қалған атты кісінің алдынан кіп-кішкене боп түлкі қашып бара жатқанын көрдім. Жиренді тебініп, шаба жөнелдім. Айлакер түлкі ат жетіп қалғанда жалт бұрылып, ол қайта айналып келгенше демалып алады да, аңшы тақалған кезде қайта қашады. Мен де жетуге жақын қалдым. Ат үстіндегі аңшы көзіме бір түрлі таныс, бірақ ерге өте дөрекі отырған секілді. Әйтсе де, есіл-дертім түлкіге ауып келе жатқан мен, оған соншалықты көңіл аудара қойған жоқпын. Жақындап қалған екінші аттыны көріп, түлкі Қызылжарға қарай тұра қашты. Жан қысылғанда түлкі де батыр боп кетеді, жұлдыздай ағып, менің дәл жанымнан өте шықты. Аттың тізгінін бұрып соңынан шабам дегенше ол тас лақтырым ұзап кетті. Осы сәтте аңшы да қасымнан өте шықты. “Аты жүйрік екен-ау” дедім ішімнен. Сөйткенше болған жоқ, соңынан ақ боранды бұрқыратып бара жатқан Ыбыштың күреңін тани кеттім. Япыр-ау, сонда мұның Салтанат болғаны ма? Ыбыш атын қалай берген? Оның малақайы мен шолақ тонын қалай сұрап алды екен? “Салта-на-ат” дедім айқайлап. Ол қарайтын емес. Бір кезде түлкі Қызылжарға жетті де, көзден ғайып болды. Іні сол жерде болса керек. Салтанат екпінін тоқтата алмай біраз жерге шейін шауып барып, бері бұрылды да, ақырын жүріспен маған беттеді. Жақындай бергенде ол малақайын алып, “уһ” деп терең бір дем алды да, жай ғана күлімсіреді. “Қап, ініне кіріп кеткенін қарашы. Сен неге аңқиып қалдың? Түлкіге емес, маған қарадың да тұрдың, танымай қалдың ба?”

— Әрине, — дедім мен. — Әлі де танымай тұрмын. Сен Ыбыштың атын қалай мініп жүрсің, ол қайтіп берді?

— Ыбыш па? — деді ол сыңғырлай күліп. — Ол маған ат беруші ме еді. Түске шейін дем аламын деп жатқан. Далаға шықсам, аты ерттеулі тұр екен. Қызығып кеттім. Үйге кіріп малақайы мен шолақ тонын кидім де, біраз жүріп келейін деп ұрланып шығып кеттім. Әкем барда атқа жиі мінуші едім, көп болды тізгін ұстамағаным, бір түрлі суып қалыппын.

— Ал, түлкіге қалай кезіктің?

— Үйден біраз ұзаған соң енді қайтайын деп бұрыла бергенде Бүргенді сайдан әлгі түлкі қаша жөнелді. Ары қарай шыдап тұра алмадым... Енді түсінікті ме?

Мен оның күлкі мен шаттық ойнаған жүзінен көз алмай тұрып, “түсіндім” дегендей басымды изей салдым. Ол тұп-тұнық мөлдір жанарын менен тез тайдырып әкетті де, аттың қаз мойнын аппақ алақанымен шарт-шұрт еткізіп шапақтап қойды. Күреңнің екі құлағының түбі жылтырап тұр екен. Еті енді қызса керек, ауыздығын қарш-қарш шайнап, екі көзі шырадай жанып тұр.

— Ыбыш көрсе мені ондырмайтын болды, — деді Салтанат сәл үнсіздіктен соң. Мен үндемедім.

— Иә-ә? — деді тағы да менен жауап күтіп.

— Иьм.

— Мейлі, ұрысса ұрса берсін. Есесіне мен атқа мініп бой көтердім. Қашанғы ұрсар дейсің. Бір күні қояды. Тіпті: “Салтанат, мына атпен серуендеп қайт” деп ақыры өзі айтатын болады, көр де тұр! Ал, мен кеттім. Ыбыштың ұрсуынан ертерек құтылып алайын. Айтпақшы, мә жаңғақ. Мына тонның қалтасында жүр екен. — Ол жақындап кеп кішкене уысындағы үш-төрт жаңғақты алақаныма салды. Саусақтары ұядағы балапандай жып-жылы екен. Ал, сау бол! — Ол малақайын бір бұлғап басына киді де ілгері қозғалды. Оған ер адамның малақайы да әдемі жарасады екен. Жалпы, Салтанатқа бәрі де жараса беретін еді. — Түлкі туралы Ыбышқа айтамын. Сонан соң екеулеп түтін қойып аласыңдар. — Салтанат осыны айтты да, күреңнің тізгінін тежей түсіп жортақтата жөнелді. Мен сол орнымда тапжылмай тұрып қалдым. Көз алдымнан көпке дейін оның ажарлы жүзі, күлкі ойнаған қарақаттай жанары кетпей қойды. Сыңғырлаған күміс күлкісі құлағыма әлі естіліп тұрған секілді.

...Түске жақын Ыбыш келді. Тепеңдетіп есекпен келді. Ол атын ешқашан қойға мінбейтін. Маған да, тіпті әкеме де мінгізбейді. Қасыма таянған кезде жүзіне көз тастадым. Екі беті жауатын бұлттай түнеріп, түтігіп кетіпті. “Үйге бар, көкем шақырып жатыр”, — деді. Үнінде қапа бар, ашу бар. Оның Салтанатқа ашуланғанын сезе қойдым. Сондықтан “не болды, неге ашуландың?” деп сұраған жоқпын. “Атқа мінесің бе?” деп едім маған қарап қолын бір-ақ сілтеді. Сонан соң ілгері қозғала беріп:

— Ыбыш, анау Қызылжарда түлкі... — деп міңгірлей бастағанымда ол сөзімді оқыс бөліп жіберді.

— Құрып қалыңдар сендер түлкілеріңмен. Жоғал үйге! — деді айқайлап.

Мен басқа сөзге келмей үйге қарай тартып тұрдым. Келсем, әкем мені есік алдында күтіп тұр екен. Атты ақырға байлап қасынан өте бергенімде мені дауыстап тоқтатып алды.

— Әй, дудар бас, — деді ол зілді дауыспен. — Қүреңмен түлкі қуған сен бе?

Сол сәтте олардың түлкіні Салтанат емес, мен қуды деп ойлағандарын сезе қойдым да мүдірместен:

— Иә, — дедім төмен қарап.

— Бәсе, айтып ем-ау. Келін саған атты шығарып берген ғой?

— Иә.

— Сен есіріктеніп түлкі қудың? О, түлкімен бірге кеткір-ау, сонымен қосылып, сол інге неге кіріп кетпедің! Есіл атты ерге қажатып қор қылғаның не? Адам болмайсың сен. Қой деп келінге басу айтудың орнына “атты әкеп бере қал” деп жарбандап қоймағансың ғой.

Желігіп ол да, «мақұл» деген. Ай, өстіп күйдіресіңдер ғой, өстіп қажытасыңдар ғой адамды. Ойбай-ау, бір түлкі емес он, жүз түлкі қусаң да ана астыңдағы ат неңе жетпейді сенің, үстінен сыпырылып түсіп қаламын дедің бе? Тұрған жеріңде осы!.. — Әкем қамшысын жоғары көтеріп барып төмен түсірді. Оның қимылын көрмеген адамша жасқанбай тұра бердім. Сонан соң ол біразға дейін үнсіз тұрды да, қамшысын саптама етігінің қонышына тығып, ат қора жаққа кетті. Мен ішке кірдім. Пеш алдында ұршығының ұшымен ортаға салынған шоқты шұқып үнсіз апам отыр. Әкемнің маған ұрысқанын түгел естісе керек, мен жаққа жай бір қарады да, ақырын ғана күрсініп, жібін иіруге кірісті. Салтанат түпкі бөлмесінде болар, бұл жерде жоқ.

— Апа, не болды? — дедім азапты үнсіздікке төзе алмай.

— Неге үндемейсіз?’

Ол кісі иіріп отырған ұршығын қоя салып, терең бір дем алды да:

— Шырағым-ау, ана содырдың атын мініп нелерің бар еді осы? — деді отты тағы бір көсеп қойып. — Тып-тыныш отырған үйді азан-қазан қылды ғой. Ана келін байғұсты шырқыратып...

— Не дедіңіз! Ол Салтанатты, ұрды ма? — деп шыдай алмай апамның сөзін бөліп жібердім.

— Иә...

Мен ішкі бөлмеге жүгіре кірдім. Ағаш кереуеттің үстінде ала шайы көрпені тұмшалап жамылып Салтанат жатыр екен.

— Салтанат, — дедім, қасына жетіп келіп. Ол жауап бермеді. “Салтанат” дедім тағы да. Ол алақанымен бетін басып, жылап жатыр екен. Оның жылағанын алғаш рет көрдім. Жүрегім езіліп кеткендей болды. Салтанат көз жасын маған көрсетпеуге тырысып, көрпесін қайта жамылды. Оттай ыстық демі қолымды шарпып өтті.

— Салтанат, айтшы Ыбыш сені ұрды ма? Айтшы, ұрды ма деймін? Ауызғы үйден апам: “Несін сұрай бересің мазалап. Білмей тұрсың ба?” — деді. Мен Салтанаттың көрпесін тез ашып, сол бойда қолын көтеріп қалдым. Денем ду ете түсті. Көзінің алды көгеріп, оң жақ бетінде білемдей боп қамшының ізі қалыпты.

Мен оның көрпесін қайта жаптым да, орнымнан дірілдей көтерілдім. “Мейірімсіздік қой, мейірімсіздік қой бұл!” — деп айқайлап жібергенімді аңғармай қалдым. Сол бойда ауызғы үйге жүгіре шықтым да, “сұмдық-ау, мынау қайтпекші! — деп орнынан ұшып түрегелген апамның сөзін де тыңдамай, ет жіліктейтін өткір пышақты алып далаға атыла шықтым. Ат қораға ене бергенімде, қарсы алдымнан әкем шыға келді.

— Жын қуды ма, қайда барасың? — деді ол мені тоқтатып. Сөйтіп тұрғанда оның көзі қолымдағы пышаққа түсе кетті.

— Әй, мынауың не, оны қайтпексің?!

— Адамнан артық санайтын ат болса, жарып тастайын. Мені өлтіріп көрсін!

— Далбасалама. Адамнан атты артық санап отырған кім бар?
Бұтыңдағы шалбарың қандай тар болса, басыңдағы ақылың да сондай тар-ау. Әкел бері ананы! — деп әкем менің қолымды қайырып жіберіп, пышақты алды. Сөйтті де жайбарақат қонышына салып қойды.
Алпыстан асса да өзі қайратты-ақ, және онымен қарсыласуға қақым да жоқ қой.

— Атты жарып, ашу қайтармақ болғаның ғой бұл. Біреуің – ішкен асы мен шапқан көкпары, баққан қойынан өзгені білмейтін тұйық мінез содыр болсаң, біреуің – шыныдай шыртылдап, ақылды ашуға жеңгізіп пышаққа жармасын таяз болсаң, қайтіп қартаймассың, қайтіп қажымассың. Мен өлсем, менен кейін екеуіңнің қырқысып өлетін түрлерің бар ғой, түге. Жыл асқан сайын есейе ме десем, есеңгіреді. Ал, атты жарып өлтірдің, сонымен не тындырасың? Болары болып, бояуы сіңген уақиғаны сонымен сылып тастамақсың ба? Түк те өнбейді. Қайта оны өзіңе өшіктіресің. Ары кетсе бес-алты күннен кейін қайта жарасып кететін екеуін ұшқалақ мінезіңмен мәңгіге суытып жібересің. Әйел – соныкі. Ұрар, ұрысар, татуласар, қайда барады. Бүгін ағаңмен жағаластың, ал ертең өздері-ақ татуласып кетеді. Сонда қарадай жерге кіріп кетпейсің бе? Тірліктің осы жағына да ой жіберіп қарасаң қайтеді, Жұмаш мылқау тәрізді жоқтан өзгеге пышақ ала жүгірмей. Көрерміз сен үйленгенде қандай болатыныңды. Ыбыш қайта әйеліне дегенін істетіп, керекті жерінде қамшы көтере алады. Сенде ол да жоқ, бір жапырақ шүберегіңнің ашса алақанында, жұмса жұдырығында болып, жүнжіп кетесің бе деп қорқамын. Әй, сендерге айтып не, айтпай не. Ақылыңды айтып тұрсаң, арбап тұрғандай көрінесің. Бар, жөнел үйге состимай. — Әкем қолын бір сілтеді де, әлдеқандай бір тоқым, қапшықтардың қатқан мұзын қаға бастады. Мен сол орнымда ұзақ тұрып, білдірмей кейін шығып кеттім.

Иә, әкемнің осы сөздерінің ішінде жылтырап тұрған біраз шындық бар еді. Маған алғаш рет оның бүгінгі сөзі ой салды. Бұдан кейін атты жармақ боп пышақ ала шыққаным үшін өзімнен-өзім қатты қысылдым, сонымен бірге Ыбыштың көп мінезіне әкемнің көңілі тола бермейтінін де тұңғыш рет аңғардым.

* * *

Екі күннен соң Ыбыш екеуміз қора жөндейтін болдық. Мың қаралы мал сыятын үлкен бастырманың құлаған жерлерін бүргеннен тақта жасап бекіту керек. Қара нарды шанаға жегіп алып, екі-үш шақырымдай жердегі Бүргенді сайға тарттық. Ыбыш жаратылысынан сөзге сараң. Кезек күттірмес тікелей шаруа жайлы болмаса көп аса сөйлей бермейді. Әсіресе алдыңғы күнгі уақиғадан соң, ол маған өйтіп-бүйтіп ұрысуын да қойды.

Айнала аппақ қар. Батыс жақтан өкпек жел соғып, аспаннан қар ұшқындап тұр. Су тартудан құтылып, диланып алған қара нар аласа шананы асық құрлы көрмей анда-санда бір бақырып алып, маймаң-маймаң басып келеді. Ішің пыспақ түгілі жарылып кетсең де осы жүрісі жүріс. Қанша ұр, тепкіле, айыр сұқ, оған мұның бәрі шот емес. Тек қамшы тиген сәтте бір бақырып, шорт кесілген жыландай шолақ құйрығын шып-шып еткізіп қоя салады. Әлгі ұрған соққыңыздың даруы осымен бітті деген сөз бұл. Жалпы, байғұс қара нарды кінәлауға да болмайтын шығар, өйткені, көзін ашқалы бері бір қойшыдан бір қойшыға өтіп, әбден шыңы шығып әккі болған. Бізге келгенде ириген мойны, сидиған сирағы ғана бар болатын. Қарап жататын күн қайда, байғұс түйе келе салысымен байбалам салып жүріп құдық мәселесіне кірісті. Қазір ол жұмыстан босаған. Бірақ ауыр жұмыс арғы-бергісінен өтіп кеткен-ау, оңалса да онысы әзір пайдаға шешілмей отыр.

Боранға ұрынып қалмайық деп екеуміз екі тесемен бүргенді дамылсыз шаптық. Шана үстінде ішіктен де тоңып берекеміз кетіп еді, жұмысқа кіріскен соң қыза-қыза келіп мақталы күпәйкемізді де лақтырып тастадық. Ыбыштың денесінен буы бұрқырап жүр. Тесе сілтеген сайын құрғақ қар бұрқ-бұрқ етіп, ірі-ірі бүргендер жапырылып қалып жатыр.

— Ыбыш, — дедім ол сәл ғана кідіріп мандайының терін сүртіп тұрған кезде. Ол үндемеді.

— Ыбыш.

— Не демексің? — Мен көмейіме тірелген сұрақты сыртқа шығаруға батылым жетпей мүдіріп қалдым.

— Неғыл дейсің-ей, — деді ол қайталап.

— Сен... сен Салтанатқа сонша неге қаталсың?..

Ол маған таңданған кейіппен ажырайып бір қарады

— Тәйт әрі, — деді күңк етіп... — Ол жағымен сенің ісің болмасын. Айтып тұрғанын қара. Істе анау алдындағы жұмысыңды!

Салтанаттың нәзіктігі, еркелігі, сирек кездесетін адал жар екендігі жайлы Ыбышқа айтар сөзім тым-ақ көп секілді еді. Бірақ ол жөнінде оның сөйлескісі де келмей, салған жерден бетімді қайтарып тастауы, көкейімде шым-шымдап ашылып келе жатқан сыр сандығының аузын тарс еткізіп қайта жауып тастады. Енді оның мәңгі-бақи ашылмай кететініне көзім жететін секілді.

Мен тесені тастап, шабылған бүргендерді шанаға тией бастадым. Осы кезде Бүргенді сайдың алыс түкпірінен бізге қарай келе жатқан аттылы көрінді. Біраз жақындаған соң келе жатқан кісінің әкем екенін тани кеттім.

— Болайын дедіңдер ме? — деді ол қасымызға келген соң ат тізгінін тартып.

— Шамаладық қой деймін, — деп жауап берді Ыбыш шабылған бүргендерге қарап.

— Жетер ме екен?

— Жетсе жетіп қалар. Тез тиейік, жел күшейіп келеді. Ал, сен дудар бас, мына атты мін де колхоз орталығына тарт. Бастыққа жолық. Малдың жемі таусылды, тездетіп екі-үш машинасын түсіріп берсін. Боран болса үдейін деп тұрғаны мынау, түсіндің бе?

Мен басымды изедім.

— Барған соң күмілжімей жөндеп айт. Бастық басыңды кесіп алмайды. “Сабаздың баласы-ай” дегізіп тақ-тұқ етіп тұрсаңшы. Бұл күнде алғыр болсаң ғана аласың. Мә, ұста тізгінді. Бүргенді Ыбыш екеуміз-ақ жеткіземіз. Ана жақтан қойлар да ыдырап кете ме, қайдам, — деп ат шылбырын қолыма ұстатты. Мен киімімді киіп атқа қарғып міндім де, күртік қарды күрт-күрт кешіп үйге тарттым. Сәл ұзай бергенде әкем:

— Әй, басың барсын да, аяғың қайтсын. Боранға ұрынып қалма, — деді айқайлап. Ыбыш үндеген жоқ.

* * *

Колхоз бастығына жолығып “ертеңнен қалдырмай жем жеткізерміз” деген уәдесін алған соң ешқайда кідірмей тура ауылға тарттым. Мен орталыққа енгенде-ақ бірде ұйтқып, бірде саябырлап бір сұрапылды қалай бастарын білмей мың құбылып тұрған ауа райы далаға шыққанымда кәдімгідей-ақ екіленіп апты. Жол бойымен тартылған электр сымдары ұйтқи соққан желмен жанды тырналап беймаза шуылдайды. Көшеде бейсауат жүрген адамдар жоқ, бәрі де жылы үйге кіріп жайғасып алған, тек бітпейтін тіршіліктің бүгінгі үлесін игере алмай қалған кейбір колхозшылар ғана ары-бері асығыс өтіп жатыр.

Мен үйге жеткенімде күн де батып, боран үдей түсті. Қардың қайдан жауып тұрғанын айыру мүмкін емес, жерден бе, көктен бе? Тек құм сияқты қиыршық қатқыл қар ақ түтекпен араласып бетке тыз-тыз соғады.

Есіктен ене бергенімде әлденеге тынымсызданып, қолы іске бармай жүрген апамды көрдім.

— Ой, айналайын-ау, жеттің бе, әйтеуір? Мына боранда сені адасып кетті ме, әлдеқалай болды деп жаным тынбай отыр еді, — деп ол кісі қуанғанынан мені құшақтай алып, киімімді шеше бастады. — Ойпырмай, қолың тастай боп қатып қалыпты ғой.

— Апа, көкемдер қайда?

— Ойбай, олардың бәрі қой соңында. Бағана бүрген тасимыз деп жүргенде жиырма шақтысы бөлініп кетіпті.

— Салтанат та кетті ме ?

— Иә. Ана Ыбыш келіп... “Үйде отыра бермей сен де былай-былай шығып жоқ ізде” деген соң киініп алды да шығып кетті. “Бармашы, барма, сенсіз де қой табылар ” деп қанша шырылдасам да көнбей қойды. Жаяу кетті байғұс бала.

— Көп болды ма?

— Иә, бағана жарық барда кеткен. Осы айналада болса үйге бір соғар еді, алысқа ұзап кетті-ау сол.

Мен Салтанаттың Ыбышқа ызаланып, сол ызаға шыдай алмай қой іздеп кеткенін білдім. Демек, ол қойды тапқанша қайтып оралмайды. Осындай боранда Салтанат секілді нәзік әйелдің малды тауып келе қоюы мүмкін бе? Және ол жаяу ғой. Мен шешілген ішігімді қайта кидім.

— Апа, маған бір кесе ыстық сорпа беріңіз. Бой жылытып, қайта шығайын.

— Құлыным-ау, сен отыра тұрсаңшы. Тісің тісіңе тимей қалшылдап тұрсың ғой. Бәлкім, анау екеуінің біреуіне қосылып келіп қалар.

— Келсе жақсы, келмесе ше? Осындай боранда оған қой ізде деп қалай айтты екен...

Салтанатты іздемесе болмайтынын апам да түсініп тұрса керек, бұдан кейін еш қарсы сөз айтпастан темір пеш үстіндегі бүлк-бүлк қайнап жатқан қара қазанның қақпағын ашып, орта кесеге толтырып майлы ыстық сорпадан құйып берді. Сонан соң, мені асығып қарамай кетер деп ойлады-ау, нан шәулімен үлкен бір кесек сүр етті түсіріп алып, тақтай үстіне буын бұрқырата тез-тез турап тастады.

Құр сорпа не болады, мынадан жеп ал. Жылқының еті суықта тоңдырмауға сеп болады.

Бағана бүргенге барар алдында ұрттаған бір-екі кесе шайдан басқа әлі ештеме ішпегенім енді есіме түсті. Ыстық сорпа ерніме тиген кезде асқа деген тәбетім ашылып кетті. Ірі-ірі етіп туралған жылқының тұзсінді қаракесек етінен қарбытып бес-алты асап, орта кеседегі сорпаны ішіп тауысқанымда, бойым жылынып, қайраттанып қалғандай болдым. Енді кідіре берсем апам қазандағы еті мен сорпасы таусылғанша “іш, же” дей береді, сондықтан кесені өзіне ұстата салдым да далаға шықтым. Есікті сәл итергенімде-ақ ысқырған боран оны менен бұрын жұлып алып, босағаны сындырардай қабырғаға сарт еткізді. Қар ұйтқытып тұр. Түн қайратына мініп алған, дала қап-қараңғы.

Дүниеде кеткен бағыты белгісіз адамды іздеп шығу қиын ғой. Жиренді қайта ерттеп мініп, үйден жиырма шақты қадам ұзаған соң, басын қалай бұрарымды білмей аңырайып біраз тұрдым да, нар тәуекел деп бүгінгі қой жайылған өріске бет түзедім. Тұрт те қаш қараңғы түнде Салтанатты табармын деген берік сенімде болмасам да суға кеткен тал қармайды дегендей, алға қарай жылжи бердім. Біраз ұзаған соң боран бұрынғысынан да күшейе түсті. Бағаналы бері оңды-солды сілкілеп, есін кетіре ермек етер жан таппай тұрғандай қарлы құйын екілене соғып, бетіме уыстып жентек-жентек қар лақтырады, енді бірде бас киімімді ала қашқысы келген шалдуар баладай малақайдан тартады, одан да айызы қанбаған соң ашуланып, ат-матыммен домалатып түсіріп мыжғылап-мыжғылап алғысы келгендей қатты жел бірде қарсы алдымнан, бірде желке тұсымнан үйіріле соғады. Күні бойғы жүрістен қалжыраған жирен кейбір сәтте бір басқан жерін екі басып, сүрініп-сүрініп кетеді. Әрі бүгін жөндеп те шөпке қойылмады. Таңертең әкем берген бір дорба арпа аралас сұлымен ғана жүр. Мана, колхоз орталығынан келіп, ауыздығы енді алына бергенде, бағытсыз, бағдарсыз жолға тағы шықты міне. Шамалы қиналып келеді “фырр-фырр” деп пысқыруы жиілей бастады.

Далада көп жүргендіктен бе, сірескен қараңғылыққа бойым да, көзім де үйреніп қапты. Қамыстай боп жиреннің екі құлағы, таяқ тастам жердегі сидиған қурайлар қараң етіп көрініп қалады. Ал кейде, жуандығы қамшының сабындай ғана бір құлқайыр қараңғылықты паналаған адам секілді жақындап кеп қайта алыстайды. Кейде боран арасына ғайып болып, бірнешеу боп қайта шығады.

Ауық-ауық ат басын тежеп төңірекке құлақ тігемін. “У-гу” етіп ұлыған боран үнінен өзге дыбыс естілмейді. “Көкемдер ештеңе емес-ау, ер адам ғой, астарында ат бар. Салтанат қайда жүр екен. Ол жаяу ғой және. Мына тағы боранда адасып мерт болмаса неғылсын”. Осы сұмдық ойға тірелген сайын денем түршігіп, атқа қамшы басып-басып қалғанымды байқамаймын. Салтанат менен таяқ тастам жерде ғана, боран өтінде есінен танып жатқандай болады, енді бірде аш қасқырдың ортасында қарсыласар қайрат көрсете алмай тұрған панасыз, дәрменсіз нәзік Салтанат көз алдыма елестейді. Ат басын сәл тежеп барымша айқайладым. “Сал-та-на-ат!” Долы боран ол үнімді аузымнан шыққан

бетте қағып алып, қарлы құйынмен мидай араластырып жоқ қылып жібереді. Тым болмаса қайта естілер жаңғырық та жоқ. “Сал-та-на-ат!” Тағы айқайладым. Бұл үніме тағы да боран жауап берді. Өз дауысың өзіңе қорқынышты боп естіледі.

Боранды даланы қанша шарлағанымды да білмеймін, шамада екі-үш сағат өткен секілді. Осы кезге дейін күндіз қой жайылған қырқаға жетуім керек, бірақ, көзге таныс жер бедерін кездестіре алмадым. Соған қарап алған бағытымнан ауытқып, адасып кеткенімді білдім. Ат та шаршады. Өзімнен де суық өтіп, аяқ-қолым қарысып қалды.

Бір кезде қарсы алдымнан қарауытқан нәрсе көрінді. Тізгін тартып анықтап қарадым. Маялаған шөп пе, жоқ, түйе ме, қараңғыда қалтиып әрі-бері теңселіп тұрған секілді. Демімді ішіме тартып тына қалдым. Ешқандай дыбыс естілмейді. Атты тебініп қалып жақындай түстім. Сол сәтте жүрегім су етіп, тұла бойым мұздап сала берді. Бұл мола ғой. Біздің үйден 3-4 шақырым келетін Қосқұдық бойындағы әкелі-балалы екі адамның зираты. Осыдан үш жыл бұрын диірмен тартып келе жатқанда екеуін де бура шайнап өлтірген. Онда олар нақ осы Қосінген бойында түйе бағатын. Қарсы алдымда мына қарайып тұрған сол моланың қорғаны.

Қорыққанда, адасқанда адамға зират серік болады дегенді көп естігенмін. Бірақ дәл қазір, ойда жоқта кездескен мола маған сұп-суық, қорқынышты боп көрінді. Жалпы мен бала кезімнен мазар атаулыны жақындап көрген жан емеспін. Егер бағып жүрген қозы-лақ соларды аралап кетсе, қашан да өздері шыққанша өз аяғымнан барып айдап келмейтінмін.

Не болса да бұл қорған адасқан бағытыма жөн сілтеді. Жиреннің басын оңға бұрып, үйге қарай бет алдым. Салтанаттың бұдан әріге қарай ұзай қоюы екіталай. Енді оны үйге дейін іздеу керек. Бәлкім менен бұрын барып та қалған болар.

Атқа қамшы тартып, арқан бойы ұзай бергенімде ұлыған боранмен араласып, арт жағымнан әлсіз бір дыбыс естілгендей болды. Селт етіп қалт тұра қалдым. Әлгі дауыс тағы естілді. Ыңырсыған адам үні ме, маңыраған қой ма, жылаған бала ма, ұлыған аш қасқыр ма, ол жағы

белгісіз. Құлаққа елегізіп, талмаусырап әрең келеді. Үн дәл моладан шығып тұр. Жиреннің басын кері бұрып, солай қарай асқан сақтықпен жайлап жақындадым. Жүрегімде қорқыныш та жоқ емес, үзеңгіні ағытып алдым да таралғыны білегіме орап молаға таяндым. Кіре беріске кеп, қорған ішіне көз тастағанымда, түнерген қараңғылықтан өзге түк те көрінбеді. Сонан соң ат шылбырын қолыма мықтап ұстап ішке ендім. Сол сәтте әлденеге сүрініп кетіп етпетімнен түстім. Қолым жылы бір нәрсеге тигендей болды да, артынша ол зат орнынан қозғалып ыңырана көтерілді. Менің көзім қарауытып, демім бітіп қалғандай болды. Аяқ-қолымнан әл кетіп, орнымнан дір-дір етіп әрең түрегелдім. Сыртта тұрған ат та үркіп бір-екі жұлқынып қалды. Әбүйір болғанда шылбыр ұшын білегіме орай ұстаған екенмін, шығып кете алмады. Осы кезде әлгі ыңыранған үн тағы естілді. “Тоқта, бұл... қойдың даусы емес пе?” Осы ой есіме сап етуі мұң екен, жүрегім қуаныштан лүпілдеп сала берді “Тфшәу-тфшәу» дедім айқайлап. Мұндай кезде адамның өз дауысы өзіне ес болады екен. Әлгі үрей бойымнан ыдырап кеткен секілді. Менің тфшәулеген үнім бітер-бітпесте-ақ, адам даусын естіген қойлардың шуылдай маңырағаны естілді. Жарықтық мал да адам секілді-ау. Олар да қорқып, олар да қуана біледі. Менің үнімді естіп шуылдай жөнелгенін қарашы. Қалтамнан сіріңке алып шағып қалғанда қорған түкпіріне тығылысып тұрған бір топ қойлардың көздері шыныдай жылт-жылт ете қалды. Ал, есік жақ бұрыштан әлдененің ұзыннан түсіп, қимылсыз жатқанын көрдім. Жүрегім тағы тулай жөнелді. Қолымдағы сіріңке өшіп қалды. Екіншісін алдым. Оның басы жарқ етіп барып ұшып түсті. Үшінші шиді жағып қарағанымда оның тұлыпқа оранып жатқан адам екенін білдім. “Салтанат” деген сөз басыма сап ете қалды. Сол сәтте-ақ “Салтанат” деп оны құшақтай алдым. Үстін қар көміп қапты. Менің, дауыстағанымды да, көтеріп алғанымды да сезер емес, қимылсыз. Ешқандай үн жоқ.

— Салтанат, Салтанат, — деп оны жұлқып-жұлқып қалдым. Қараңғыда ол көзін ашты ма, жоқ ашпады ма, ол жағын көре алмадым. Әйтеуір, оның түсініксіз үн қатуы бағаналы бері оны өліп қалды ма екен деп, сол ойымнан не істерімді білмей есеңгіреп тұрған маған орасан зор қуаныш тастап кетті. Сол қуаныштан алқынған жүрегім аузыма

тығылып, “тірі екенсің ғой, тірі екенсің ғой әйтеуір” деген сөздерді күбірлеп тынымсыз қайталай бердім.

Дәл осы моладан қойларды да, Салтанатты да табамын деп әсте ойламап едім. Тіпті оған қол созым келіп тұрып қайтып кете жаздадым-ау! Дәл қазір Салтанаттың үстіндегі ауыр тұлыптың қарын сілкілеп, тастай боп сіресіп қалған қолдарын сипалап жатып, осылай қарай қаңғалақтатып айдап келген, адастырып келген белгісіз тағдырға іштей алғыс айтумен болдым.

Сәлден соң оны атқа мінгізіп үйге қарай бет түзедім. Арғы-бергісінен суық өтіп кеткен Салтанат қатты әлсіреп қалған екен. Менің қойған сұрақтарымның бір де біріне жауап қатпады. Боран әлі ұйтқи соғып тұр. Аузыңды ашсаң көмейіңе қар толтырып кетеді.

Біраз жүрген соң Салтанаттың бойы жылынайын деді ме, аяқ қолын қимылдатқандай болды. Оралған тұлыпты бір қолыммен жайлап ашып, бетіне құлағымды тигізіп көрдім. Жып-жылы екен. Дір-дір етіп демалғаны сезіледі.

Жүрегім тағы лүпілдей түсті.

Үйге жеткенде әкем де жаңа ғана келіп, Салтанаттың жоқ екенін естіген соң далаға қайта шыққалы отыр екен. Мен Салтанатты көтеріп кіріп келгенде, апам екеуі орындарынан үрейленіп, үдере түрегелді. Өліп қалған екен ғой деп ойласа керек, апам сол сәтте-ақ айқайлап жылап жіберіп, пеш жанына апарып жатқызған оның үстіне құлай кетті. Әкем құп-қу, төмен қарап үнсіз тұр.

— Аман ба, шырағым-ау? — деді сыбырлағандай дір-дір етіп.

— Иә, аман. — Әлсіреп жатқан адамды одан бетер ездің ғой. Алдымен біліп алмай ма екен, — деді баяғы өктемдеу үнмен.

Салтанаттың тірі екенін біліп апам қуаныштан тағы жылады. Қас пен көздің арасында сап еткен қайғыны қуаныш қуып шығып жатқан осындай абыр-сабыр кезде мен әкемнің тұңғыш рет аузынан шыққан “шырағым-ау” деген сөзін іштей қайталаумен болдым...

Бірер сағаттай уақыт өткен соң Ыбыш та келді. Суықтан екі беті қап-қара боп түтігіп кетіпті. Салтанаттың қой іздеймін деп өлі мен тірінің

арасында үйге енді ғана жеткізілгенін естігенде, ол селт ете түсті. Бірақ бізден ұялды ма, әлде әкемнен қаймықты ма, әйеліне жан ашу білдірген ішкі сезімін сыртқа шығара қоймады.

Қалың қабағы салбырап, темір пеш жанындағы бір қап ұнға сүйеніп көпке дейін үнсіз тұрды. Бәлкім осы сәтте ол көрпеге оранып ессіз жатқан нәзік әйеліне өткен жолы аяусыз жаза қолданып, бет-аузын көгерте қамшылағаны үшін іштей опынып, оған жаны ашып отырған шығар. Бәлкім, келіншегінің кішкене кеудесінде еркелік пен бірге намысшылдықтың да бұғып жатқанына нақ осы бір сәт аздап болса да ой жіберген болар. Әйел затына еркелетіп сөз айтып көрмеген, олай етуді өз бойына ар санап, еркектік намысты қатын алдына жығып беру деп ұғынатын оның анау алып кеудесіндегі қос жұдырықтай жүрегі, кім біледі, дәл қазір қанмен сіңген ол қасиеттің бәрін қас қағымға ғана ұмытып, хал үстінде жатқан сүйкімді әйелінің қасына барып, ең болмаса “қалайсың?” деп бір ауыз тіл қатуды қалаған шығар. Бірақ, олай етуге, о-о, атай көрмеңіз, Ыбыштың еркі жібермес еді. Ол өзін қашан да берік, қатты ұстап үйренген.

— Ей, әлі шешінбепсің ғой, нағып отырсың сұңқиып? Есің дұрыс па өзіңнің! — деген әкемнің дауысы кенет естілгенде, Ыбыш басын кегжең еткізіп көтеріп алды. Сол мезет тобылғы сапты қамшысы жерге түсіп кетті де, ол оны жалма-жан көтеріп алып, тез-тез сырт киімдерін шеше бастады...

...Салтанат төсек тартып бірнеше күн бас көтермей жатты. Ыстық сорпадан басқа ешнәрсе татып алмайды. Оның өзін де апамның: “Енді аз ғана, енді бір ұртташы” деуімен жүріп бір кесесін әзер тауысады. “Суық өткен ғой, біраз күннен соң тәуір боп кетер” деп бәріміз де оның бұл жатысына асқан қауіппен қарай қойғанымыз жоқ. Өйткені, үйге әкелген күннің ертеңіне-ақ Салтанат кәдімгідей сөйлеп, “Тез арада тәуір боп кетемін, қорықпаңыздар. Қазір жақсымын” деген соң, тіпті, қойларды қалай тауып, ойда жоқта кездескен қорғанға айдап кіргенін (Салтанат оның мола екенін білмейтін), сол жерде боранның аздап саябырсуын күтіп отырып суыққа тоңып әлсіреп кеткеніне шейін айтып бергеннен кейін, шынында біз тыныштала бастағанбыз. Ал, Салтанаттың жөтелі жиілеп, реңі қашып бара жатқанын байқаған соң,

шын мәнінде қорқа бастадық. Апам ескіден қалған ем-домын істеп, кешкілік ұшықтады, адыраспан тұтатып, ақ тауықпен аластады, дермененің суы мен жылқының майын ішкізді. Бірақ оның бәрі де еш нәтиже берген жоқ. Соған қарап әкем мен апам Салтанаттың бойындағы сырқат суық өткендіктен емес, моладан тиген салқын деп топшылады да, мені “молда шақырып келдің» астына ала бастады. Бірақ мен оған көнбей, колхоз орталығына барып, Сапарбай докторды атқа мінгестіріп әкелдім. Оны-мұны көргені бар кексе дәрігер Салтанаттың өкпесіне суық тигенін, сонымен қатар қатты қорыққандықтан жүрегі қабынбалы болғанын ажыратып берді. “Дегенмен, аса қауіпті емес, қорықпаңыздар” деп ол бізді тыныштандырған болды да, өзі үйде екі күн жатып емдеді. Кетерінде бірнеше күнге жететін дәрі қалдырып, тағы келетіндігін айтып қоштасты.

Бір айдан соң Салтанаттың жөтелі басылып, бұрынғыға қарағанда тәуір бола бастады. Тағы бір ай өткен соң ол едәуір сауығып, үй тірлігіне араласты. Осы кезге шейін қар еріп, көктем лебі білініп те қалды. Оңтүстіктің көктемі қар астында ғана жатады. Бір күні Қаратау жақтан Алтын күрек желі соғып берді де, ертеңіне кешке дейін тұсарлықтан келетін кіріккен қатты қарды іріген айрандай тоз-тоз етіп сай-саланы сырылдаған ботана суға толтырып кетті. Түнге қарай жылы жаңбыр жауып, таңертең буалдыр тұман түсті. Көкірекке қуаныш пен сезім сеуіп, селдіреген қара жер ғана қалды. Табиғаттың қатал мерзімін атқарып салған кең дала қалжырап жатыр, талықсып жатыр. Осы күнді көптен асығып күткен бозторғайлар бір-бірінен сүйінші сұрап, ана қыр мен мына қырдың арасын талмай кезіп жүр. Ат шаптырымдай жерде осы аймақтың ақылшы иесіндей боп Қосінген төбесі момақан пішінде іштей күлімсіреп қана жатыр. Түстен кейін тұман серпіліп, мейірлене күн шықты. Тау мен даланы, қырат пен ойпаңды көктем лебі аралап кетті. Ол леп жан-жануар мен адам кеудесін де кеулеп, жүрекке жаңа сезім, жаңа нұр ұялатып, ішкі сарайды алашадай бір сілкіп кетті.

Сөйтіп былтырғы бақытты көктем қайта келді.

Бірақ Салтанаттың осы маңайға сән берген жаз күлкісі қайта оралмады. Көктемгі қой төлдеу басталып, тақияңды жөндеп киюге қол тимейтін

дүрбелең кезең жетті. Құлқын сәріден басталатын аласапыран жұмыс қас қарайғанша бір бәсеңдемейді. Кешке қарай өзегің талып үйге сүрініп, сүрлігіп келесің. Мен сондай кездерде де есіктен аттай бере Салтанаттың жүзіне қараймын. Оның ернінен күлкі, өн бойынан былтырғы еркелікті іздеймін.

Әрбір кеурек түбінде туып қалған қойлардың қозысын теріп жүріп те соны ойлаймын. Кешке үйге барғанда ол көңілді болса екен деп тілеймін. Бірақ ол тілегім, ол үмітім есіктен кіре бергенде от шарпыған гүлдей солып сала береді.

Бір күні үйге шаршап келдім. Салтанат жалғыз өзі уыз пісіріп отыр екен. Мені көрген соң жай ғана күлімсіреп қарады да: “Уыз жейсің бе?” — деді. “Әкеле ғой”.

Ол орта кесеге толтырып, әлі қата қоймаған балдай уызды ұсынды. Бір-екі қасық ұрттай бергенімде:

— Сен маған ренжіп жүрсің бе, Қайыркен, — деді мақпалдай жұмсақ үнмен.

— Жоқ. О не дегенің! Мен саған ешқашан, ешқашан ренжімеймін. Әйтсе де, маған бір-ақ нәрсе түсініксіз. Сен неге көңілсізсің, Салтанат?

— Оны өзім де білмеймін. Бір түрлі, көп нәрсеге бұрынғыдай қызықпайтын секілдімін. Зауқым жоқ. Көңілденейінші деймін, күлейінші деймін. Қолымнан келмейді, әлсіз секілдімін. Ештеңе етпес, сергіп кетермін. Сонан соң бәрі де бұрынғыша болады, Қайыркен, ә?!

Мен басымды изедім. Оның жүзіне қарап отырып, жүрек ауруынан әлі де айыға қоймағанын сездім. Бірнеше минутқа созылған үнсіздіктен соң, көкейімде талайдан бұғып жатқан бір сұрақты қоюға бекіндім.

— Салтанат!

— Әу.

— Айтшы, жасырмай айтшы. Сен... сен Ыбышты ұнатпайсың ба?

Бұл сұрақтан ол шошып кетер деп ойлап едім, бірақ, үнсіз қалды. Әлден соң терең бір күрсінді де, мөлдіреген жанарын маған тура қадап тұрып:

— Е-е, Қайыркен! Оның бәрі саған түсінікті емес пе, — деді жанарын қайта төмен түсіріп. — Мен жар сүйоден бақытты емеспін. Қосылмай тұрғанда Ыбышты үш-ақ рет көрдім ғой. Бірінде – ол қарсы жолығып, қасындағы кісілермен әлдене жайлы сөйлесіп қала берді.

Екіншісінде — біздің үйге көкпар әкеп тастағанда, үшіншісінде — айттыра келгенде. Енді ақталып қайтейін, алғашқы кезде бір түрлі жылы көрінді. Және оның бойында ерге тән қаталдық, батылдық, жігерлілік жатқан секілді еді. Бірақ оның бойында біріншісі ғана бар екен... Міне, Қайыркен, сола-ай-й! Әйтсе де мен енді басқа жақтан бақыт іздемеймін. Іздеп барып дәл үстінен түскен бақыттың маған керегі де жоқ. Мен ол бақытты қиын жерден іздеймін, жоқ жерден іздеймін. Өмір сонысымен қызық, сонысымен мағыналы. Есіңде ме, Қызылжардың жанында саған: “Салтанат, мына атпен серуендеп қайт” деп өз атын ақыры бір күні Ыбыштың өзі беретін болады деп едім ғой. Міне, мен ақыры сол дегеніме жетемін. Содан соңғы өмір бұдан да тәтті, бұдан да тамаша болады. Сен үйленесің. Ол, сөз жоқ әдемі, ақылды, ерке болады. Сендерге біздің үйдің жанынан бөлек үй тігіп береміз. Сонан соң менің апам мен сіңлімді де көшіріп келеміз. Сөйтіп, бәріміз адам қараса қызығатындай, тоймайтындай тәтті тұрмыс құрамыз.

Салтанаттың бал қиялы мені еліктіріп әкетті. Әлгінде аяғымды эзер көтеріп, шаршап келгенімді ұмытып кеттім. Оның кеудесіндегі өмірге деген тәтті арман, уыз қиял, жігерлі шешім мені өзіне бұрынғыдан да баурап алды. Мен оны бұрынғыдан да жақсы көріп кеттім. Екеуміздің әзірге әңгімеміз осымен бітетін бе еді, әлде тағы жалғасар ма еді, үнсіз отырған шақта үйге апам кіріп келіп:

— Ай, қараңғыда қайтіп тамақ ішіп отырсыңдар шам жақпай, — деп лып еткізіп сіріңке шағып жіберді. Орта кеседегі уызды ішіп қойғанымды сол кезде ғана байқаппын.

Қой төлдеу аяқталды-ау деген шақта, біз Аршабайға қайтып көшетін болдық. Ескі жайылымға қоныс аударатын хабарды естігенде Салтанат жас балаша қуанды. Қораға қой қамап жатқан жерімде дәл былтырғыдай жүгіріп келіп:

— Ә, Қайыркен, Қайыркен, естідің бе, Аршабайға көшетін болдық. Жаңа атам айтты, — деді. Сөйтті де менің мойнымнан құшақтай алды. Оның бақытты күлкісін қайта көріп, жүрегім жарыла жаздады. Бір сәтке ғана мойныма оралған білегі, бір сәтке ғана шарпып өткен ыстық демі мені тұншықтырып, мас кісідей тәлтіректетіп жіберді...

Сонымен Аршабайға көшетін болдық. Әкем мен апам ертерек барып үй тіге бермек боп, арбаға барлық жүкті тиеп таңсәріден кеткен. Салтанат түйеде, мен аттамын. Ыбыш күреңін жетектеп, өзі қойдың бір шетін жаяу айдап келе жатыр. Түнеукүні қой жоғалғанда күреңге өзі де мінбеген, Салтанатқа да мінгізбеген. Өзінде әйеліне деген аяушылық жоқ-ақ. Салтанат бір ай бойы төсек тартып жатқанда “қалайсың?” деп көңілін бір сұрамады ғой, сабазың. Оны тіпті қиналып жүр-ау, ауырып жүр-ау деп ойласашы. Үйде болса: “Бар, қойдың алдынан шық”, “ит неге үріп тұр, көріп келші”, “атқа су жылытып бер” деп дүңкілдеп қоймайды. Ал, шығып бара жатып: “Әй, шылбыр есші” немесе “күреңнің маңдайына тағатын жібек шашақ өр”, “мен келгенше жақсылап тұшпара жасашы” деп кетеді. Оңаша қалғанда Салтанат: “Осы мені ойнап жатыр деп ойлайды ғой деймін шамасы”, — дейтін жай ғана езу тартып. Сол Ыбыш әне, “Рр-райт” деп қойып, қойдың ана шетін қусыра айдап келеді. Анда-санда “жөндеп айдасаңшы” деп Салтанатқа жекіріп қояды. Маған ләм демейді. Бүргенді сайдағы сұрағымнан соң маған ұрысуын да қойған.

Аршабайға түс ауа жеттік. Алыстан Қаратұмсықты, ойпандағы құдықты көргенде Салтанат алақанын шапақтап, қуанғанынан айқайлап жіберді. Қой айдап өзінің қасына кеп қалған Ыбышқа:

— Ыбыш, ана қарашы, өзен көкпеңбек боп жайқалып тұр. Ана құдық басындағы Қайыркен екеуміз қойған моторды қара, ана Қаратұмсықты қара, бәрі сол күйі!

— Е, сол күйі болмай біреу арқалап кетті деп пе ең. Тұрмағанда қайда барады, — деп ол қамшысымен етігінің қонышын сарт-сұрт еткізіп қойды. — Айда қойды алақтай бермей. Рр-райт!

— Сен түкті де түсінбейсің, — деді Салтанат зілсіз күліп. — Мен соларды біреу арқалап кетпегеніне қуанып тұр деймісің?

Ыбыш үндеген жоқ. Жалпы, ол Салтанаттың мұндай мінезіне ұрыса беруден жалықты ма, әлде, үйреніп келе ме, “сен түкті де түсінбейсің” деген келіншегінің сөзіне ашуланбады. Біраздан соң Салтанат қойдың ана шетінде жүрген Ыбышқа айқайлап:

— Ыбыш, ау, Ыбыш, — деді.

— О, не?

— Өлең айтшы, — Ыбыш состиып тұрып қалды.

— А? — деді қайталап сұрап. Өз құлағына әлі де сенбей тұрса керек.

— Өлең айтшы деймін.

— Өй, жын соққан! Не деп келесің өзің, болды енді! — деп ол шырт ете қалды. Мен мырс етіп күліп жібердім. Салтанат та сылқылдап күліп жүр. Ол Ыбышты осылай ара-тұра ашуландырып алғанды жақсы көретін. “Өстіп жүріп ақыры үйренеді” деп қоятын ол мұндай кезде.

Біз қойларды Қаратұмсықтың бергі бауырына тастап, апамдар жаққа келдік. Ол кісілер үйді дәл былтырғы жұрттың қасына тігіп, дайын етіп қойыпты. Салтанат ескі үй орнындағы дөп-дөңгелек боп жайқала шыққан көк шөптің үстіне кеп құлай кетті. Сол кезде мен оны қорқытпақ боп:

— Салтанат, бас жағыңда жылан жатыр, жылан! — деп айқай салдым. Ол “апа!” деп орнынан атып тұрды да, жанынан өтіп бара жатқан әкемді құшақтай алды. Сөйтті де бетіне бұрқ етіп қаны ойнап шыға келіп, не істерін білмей кейін шегінді. Ұялған тек тұрмас деп:

— Ата, қараңызшы, Қайыркен қорқыта береді, — деді төмен қарап.

— Оның не, әй, ақымақ болдың ба? — деп әкем маған жекіп қалды. — Қорқытқаны несі ол. — Сонан соң қарсы алдында тұрған Салтанатқа қарап: — Бар, үйге барып тез су ұрттай ғой, — деді мейірім аралас жұмсақ үнмен. Келінінің ерке мінезіне әкем де ашуланбайтын бопты. Кеудеме нәзік бір қуаныш лебі ескендей болды.

Сәлден соң Салтанат қайта шықты.

— Су ұрттадың ба? — дедім “кешір” дегендей оған күле қарап.

— Ана, — деді ол басын изеп. — Бір тостақ іштім. Апам сені өлтірем деп жатыр. Екінші қорқытасың ба?

— Жоқ, оллаһи қорқытпаймын. Сен сұп-сұр боп кеттің ғой.

Салтанаттың жаз ерке мінезі үш-төрт күнге созылды да, ашық аспанды бұлт қаптағандай кенет кілт өзгерді. Реңі солғын тартып, қинала күлетін болды. Денесі ысып, төсек тартып жатып қалды.

Аршабайға кеп жайласқан соң қыс бойы ат ізін салмаған Амангелді бір күні апақ-сапақта машинасын дүрілдетіп жетіп келді. Кино көрсететін болды деп бәріміз улап-шулап қуанып қалдық. Ол келген бетте Ыбыш: “Алпамысты” әкелдің бе?” — деді. “Е, жоқ. Қайдағы “Алпамыс?” Ондай кино шыққан жоқ әлі”. “Қандай кино шығаруды да білмейді осылар. Қайдағы бір өтірікті түсіре бергенше, Алпамысты түсірмей ме?” — деп, ол Амангелді келген сайын айтатын үйреншікті сөзін айтып, теріс айналып кетті. Ыбыш үшін Алпамыстан өткен құдіретті нәрсе жоқ. Ол басқа өлең-жыр, повесть-роман дегендеріңе пысқырып та қарамайды. Олардың не екенін де білмейді, білгісі де келмейді. Ол үшін басқа шығармалардың бәрі жалған, ойдан шығарылған, ал, Алпамыс болған. Және, басқа еш жерде емес, тура осы Қаратау өңірінде өмір сүрген. Оның үстіне ол біздің рудың батыры. “Әйтпесе, неге “Қоңырат деген елінде” деп атайды? Қоңырат бізбіз, ол біздің арғы атамыздың бірі” — деп дауласады. Үйде “Алпамыс” жырының екі-үш кітабы жатыр. Егер ол қолына кітап алып оқи қалса, соларды оқиды. Біреуін оқып болып екіншісіне көшеді. Жырды түгелдей жатқа білсе де оқиды. Оқыған сайын басын шайқап, таңданумен болады. Соны кино етіп шығарса деп армандайды. Кейде өзі көрмеген қияндағы кино қызметкерлерін: “Шетінен миы жоқтар, түк бітірмей қайда жүр” — деп шетінен сыбап боқтап алады. Амангелді келген сайын алдымен Алпамыс жайлы сұрайтыны сол. Түсіріп қалған шығар деп ойлайды.

Бұл жолы сол Амангелді кино көрсетуге емес, маған военкоматтың шақыру қағазын тапсыру үшін келіпті. «Асығыспын, тез қолыңды қойып алып қал. Басқа қойшыларға да барып қағаз таратуым керек. Киноны басқа жолы көрсетемін», — деп жауынның артынан бұршақ жаудырып, біріміз түсініп, біріміз түсінбей тұрған шақта шандатып тайып тұрды.

— Ай, мына неме жын қаққандай боп қайда кетті, әй, — деді апам далаға шығып келе жатып. — Неге кепті өзі? Күйнәсі қайда әкелген?

— Апа, ол кино емес, маған повестка әкепті. Міне, бүрсігүнге шақырған.

— Пәуеске дейді. О несі, құдай-ау?

— Әскерге, апа.

— Қой, жағың қарыссын. Қайдағыны айтатындарың не түге, не боп барасың осы!

Апамды сендіру қиын болды. Ал, әбден көзі жеткен кезде егіліп жылап жіберді. Ол кісінің ойынша мен әлі қаршадай ғана баламын ғой. Тек әкем келіп араға түскен соң ғана әрең қойды.

— Болды, несіне жылайсың. Жалғыз сенің балаң дейсің бе әскерге баратын. Жұрттың бәрінің баласы барып, келіп жатқан жер. Ердің борышы ер мойнына түседі. Жас емес. Қайта ананы-мынаны көріп, көзі ашылып қатайып келеді. Ауылда жүріп боркемік боп кететін түрі бар. Ақыл жағы да мол емес еді өзінде, жақсы шақырды.

Бұл жаңалық Салтанатқа қатты батты. Шақыру қағазын алған кезде ол өздерінің кішкене отауларында жатқан болатын. Әлден соң мен олардың отауына енгенімде өзі көк орамалын бір маңдайына қиғаштай тартып, басын көтеріп отыр екен.

— Шын ба! — деді ол маған жәудірей қарап.

— Шын.

Ол терең бір күрсініп, жастыққа басын қайта қойды.

— Міне, енді сен де кететін болдың. Сенсіз маған қандай көңілсіз болады. Тым болмаса Ыбыштың жанына біраз өзгеріс енген соң алғанда да мен онша қиналмас ем. Білмеймін, маған ауыр сияқты. — Ол сөзінің соңын жыларманға келіп, жұтып қойды.

— Қой, Салтанат, жат жерде қалып бара жақтан жоқсың ғой. Апам бар... Және қанша дегенмен Ыбыш сенің ерің емес пе. Шындығына келгенде, сен үшін менен гөрі сол қымбат болуы керек қой...

— Солайы солай-ау... Сен тым болмаса үйленіп те кетпедің. Ол маған серік болатын еді. Білесің бе, мен сенің келіншегіңді жанымдай жақсы көруге тырысамын. Оны туған сіңлімнен де артық санап, ардақтайтын сияқтымын. Осылай деп кейде көзіме елестеткенде орнымнан атып тұрып, сол бір белгісіз сенің келіншегіңді құшақтап сүйіп-сүйіп алғым келеді. Егер ол болса, мен оған ештеңе де тіпті, су да әкелдірмес едім, бірақ қайда барсам да қасымнан бір елі тастамас едім. Екеуміз қосылып айлы түнде ән салар едік. Екеуміз де сені сағынып, «тез келсе екен» деп қосыла тілер ек. Оһ, шіркін сол өмір келсе бір! Білесің бе, аяулы адамыңмен айырылысу деген де жақсы ғой, өйткені соңында табысу бар. Сонда өмір бұрынғыдан да сүйікті болады. Сонда өмір сүре бергің, сүре бергің, сүре бергің келеді. Кейде мен мәңгі өлмейтін сияқты боламын, ал кейде тез өліп қалатындай сезінем. Осы соңғысы дұрыс қой деймін. Өйткені, мен өмірге өлгенше ғашықпын, өлгенше...

— Салтанат, Салтанат, сен не деп кеттің, не айтып отырсың? Өлімің не? Өмірге ғашық адам өле ме екен. Қой, біз ұзақ-ұзақ жасаймыз әлі! Төніп келген өлім біздің аяқталмаған әнімізді көріп, бата алмай кейін серпіле беретін болады. Үш жылдан соң мен келемін. Оған дейін Ыбыш сен айтқандай, сен армандағандай боп өзгереді. Мен оған күн сайын хат жазып тұратын боламын.

Салтанат қалжырап кетті ме, әлде өзінше тәтті арманға тағы шомып кетті ме, үнсіз қалды.

Екі күннен соң әкемнің атына мініп, Қалаш станциясына жеттім де, атты сол жердегі бір таныс үйге қалдырып, поездға міндім. Соғыс комиссариатында өзім секілді өрімдей жастар қаптап жүр екен. Бірінің әкесі, бірінің анасы өз балаларының соңынан бір елі қалмай тынымсызданып жүр. Сол кезде менімен бірге үйдегілердің ешқайсысы келмегеніне қапаланғандай болдым. “Кенет алып кетсе ше? Осы бойы кете беремін бе? Тіпті апаммен, Салтанатпен жөндеп қоштасқан жоқпын ғой!”

Бір кезде комиссия басталды. Түс ауа ол да бітіп, есік алдындағы қорған ішінде ду-ду сөйлесіп тұрмыз. Біреулері: “Ертең әкетеді екен. Эшалон күтіп тұрған көрінеді” десе, енді біреулері... “Жоқ, бір айдан соң алады. Бұл жолы тек түгендеп, дайындап қояды” деп көріп-біліп

келгендей дауласады. Өстіп тұрған сәтте көзілдірікті қазақ майор шығып бәріміздің үйді-үйімізге қайта беруімізге болатындығын хабарлады. Бір айдан соң қайта шақыртамыз, сонда жөнелтерміз дегенді айтты.

Мен бұл хабарды естігенде қатты қуандым. Бір айға шейін Салтанат сауығады ғой. Оның ауырып жатқан шағында кетуім қандай аянышты. Әрі апамның да бойы үйреніп, мен кеткенде жыламайтын болады.

Үйге күн бесін болған кезде жеттім. Тұмсықтан бері құлай бергенімде есік алдына шығып қарап тұрған әкемді, апамды анық таныдым. Апам атты адамды көрген бетте-ақ мен екенімді танып, үйге жүгіре кіріп қайта шықты. Әсте Салтанатқа қуанышты хабарды естіртсе керек. Жел жұлқыған ақ жаулығын қолымен басып, маған қарай жүгіріп келеді. Мен нақ бір майданнан оралғандайақпын-ау ол кісіге. Анау кім? Салтанат қой! Иә, жатқан жерінен тұрып ол да бері қарай ақырын жүріп келеді.

Екі-үш күннің ішінде мен Аршабайды да, апамды да, Салтанатты да, бәрін-бәрін сағынып қаппын. Көкірегімде сағыныш пен қуаныш сезімі тасып, өн бойымды шымырлата жөнелді. Аттың жүрісін тездетіп апама жақындай бере ерден қарғып түсіп, оның ыстық құшағына құлай кеттім.

— Не болды, бармайтын болдың ба? — деді ол екі бетімнен алма-кезек сүйіп жатып.

— Иә. Бір айға шейін үйде боламын.

— Мейлі, мейлі. Құлыным-ай, сені сол бойы кетіп қалар ма екен деп жатсам ұйқым келмей қойды ғой. Мейлі бір ай болса да үйде тынығып, аунап-қунап кетші.

Сәлден соң Салтанат жетті. Оның жүзінде күлкі бар, көзінде төңіректеген жас бар. Әкем мен апамның алдында ол мені құшақтай кетуден қысылып, ернін күбірлетіп қана амандасты. Сонан соң: “Міне, енді бір айға шейін апам екеуміз уайымсыз жүретін болдық”, — деп күрсіне күліп қойды.

Салтанат атты жетектеп алды. Үшеуміз есік алдына келіп бағаналы бері үнсіз тұрған әкеме таяндық. Ол менің қолымды алып амандасқан соң:

— Тентектен тез хабар деп, тез қайттың ғой, не болды? — деді жүзіме көзінің қиығымен қарап.

— Ештеңе. Бір айдан кейін алатын болды.

— Имм. Солай де. Дұрыс. Бар, атты ақырға байлап, тартпасын босат. Ерін суыған соң ал, — деді қоңыр үнмен.

— Шай-пайды ішіп болған соң Ыбышқа бар, малды айдасып келесің. Торғай шырылдағанда кеткеннен әлі жүр. Сусын ала бар. — Сөйтті де әкем түйе жегулі арбасына отырып жүріп кетті. Арба үстіндегі дөңкиген-дөңкиген қазақы қаптарды көріп, ол кісінің диірменге кетіп бара жатқанын білдім.

Менің уақытша болса да қайта оралуым Салтанаттың сырқатын сауықтырып жібергендей болды. Ол былай-былай шыққанда киетін жұқа көк жібек көйлегін киіп, апаммен бірге ас дайындауға кірісті. Бозарған жүзіне қан теуіп, алғаш келіншек боп түскендегідей реңі бал-бұл жанып шыға келді.

Оның көңілі сергіп, сауығып кеткеніне апам өзінен-өзі күбірлеп қуанумен болды.

Бір кезде Салтанат далаға шығып кетті де, әлден соң өздерінің отаулары жағынан “Қайырке-ен!” деп саңқ ете дауыстағаны естілді.

— Не, — дедім апамның қасында отырып.

— Бері келші. Тез-тез.

Мен апама қарадым. Ол кісі “бара ғой” дегендей жай ғана езу тартып, басын изеді. Оның неге шақырып тұрғанын білетін секілді.

Мен отау үйге жақындай бергенімде Салтанат:

— Көзіңді жұмып кір, — деді. — Саусағыңмен баспа, алақаныңмен бас немесе сығалап көріп қоясың. Мен көзімді алақаныммен басып ішке

кірдім. — Бері, бері. Абайла, алдыңда жез шылапшын, тұр. Тағы, тағы. Солға бұрыл. Енді тоқта. Ал, енді көзіңді аш!

Мен көзімді ашып қалғанымда керегенің басында ілулі тұрған үкілі шақпақ бөрікті көрдім. Таң алдында ашылған қызғалдақтай қызыл барқыттан тігіліп, айналасына сыңғырлаған күміс теңгелер қадалыпты. Салтанаттың сырқаттанып жүрсе де әлдеқалай бір қызыл матаға өрнек салып, өзінің желеткесі мен шымылдықтарының жиегінен күміс теңгелер қиып алып жүргенін көріп қалғаным бар еді. Бірақ, “ол неге керек?” — деп сұрауды ыңғайсыз көріп едім. Ал, қазір шақпақ бөріктің асқан шеберлікпен әсем тігілгеніне сүйсіне тұрсам да, оны маған үлкен бір жаңалық ретінде не үшін көрсетіп тұрғанын түсіне алмадым.

— Қалай, ұнай ма? — деді Салтанат қос жанарында қуаныш оты жайнап. — Сен кеткелі бері бар бітіргенім осы ғана болды.

— Аһа, өте тамаша! — дедім Салтанаттың “ұнады ма?” дегеннен гөрі “ұнаған шығар” деген сезімді жария етіп тұрған жүзіне қарап. — І-і, бірақ... мұны кім киеді?..

— Кім киеді?

— Қыдырғанда, тойға барғанда сен киесің. Саған үкілі бөрік тамаша жарасуы керек.

— Жоқ, таппадың. Мен емес. Білесің бе, мұны сенің келіншегің киеді. Мен соған арнап тіктім.

— Менің... келіншегім?!

— Иә.

— Сен оны қайдан шығарып жүрсің? Менің кімге, қашан үйленетінім де белгісіз ғой. Және ол мұндай бөрікті кие қояр ма екен?

— Киеді, несі бар. Кимесе осылай ілулі тұра береді. Бұл тек менің екеуіңе арнаған ескерткішім. Апама да ұнаған.

— Сен мұны апама да көрсеттің бе?

— Оның несі өрескел? Атама да көрсеттім. Ол кісі қолына алып, ары-бері қарап тұрды да: “Әдемі екен. Тілеуіңе жет, қарағым”, — деп

арқамнан қағып қойды. Ал сен, «ол кимейді» дейсің. Онда мен ренжимін.

Шынында да Салтанат бұртия қалды. Осы өкпелегенінің өзі оған керемет жарасатын еді. Әрі күлкіңді келтіріп, қойған талабына “ал жарайды” деп келісе кеткеніңді өзің де байқамай қалатынсың.

Бұл жолы да дәл солай болып:

— О, жоқ, Мен неге... Мен қуанамын. Ол киетін болады, сөз жоқ, киетін болады, — деп жауап бердім.

Салтанат алақанын шарт еткізіп, үйден жүгіре шықты да, тамақ жасап жатқан апамды барып құшақтай алды. Оның кемеліне жаңа толған жас қыздай апамды ұзақ құшақтағанын, апамның оны еркелетіп қап-қара шашынан мейірлене сипағанын, сонан соң будақтаған көк түтіннің жанында екеуінің әлдене туралы беріле сөйлесіп отырғанын ашық ірге арқылы ап-анық көрдім.

Бұдан кейін маған далаға шығып, апамның көзіне көріну сондай ыңғайсыз боп қалды. Бір орында өзімнен-өзім қысылып едәуір уақыт өткізгеннен кейін, ерте ме, кеш пе бәрібір ол кісімен сөйлесетінімді ойлап, сол бір қолайсыз минуттан ертерек құтылып алайын дегендей тез-тез басып үйден шықтым. Менің қатты қысылып жүргенімді сезді-ау, апам да маған қарап ештеңе дей қойған жоқ. Тек, үлкен үйге енгенде Салтанат соңымнан жүгіріп кіріп: “Сен ұялып жүрсің, ә? — деді ақ маржандай кіршіксіз тістерін көрсете күліп. — Ештеңе етпейді, қойға барып келгеніңше есіңнен шығып кетеді. Ашыма құйып берейін бе?”

Мен үнсіз басымды изедім. Ол сырлы тостаққа толтырып ашқылтым тары көженің суынан құйып алды да: “Сен әлгіге ренжіп қалдың ба, үндемей тұрсың ғой. Сол тентектігімді жуу үшін, кел, саған өзім ішкізейін”, — деп Салтанат сыңғырлай күліп, мойнымнан асыла құшақтады да, тостақты ерніме тақады. Ток жүріп өткендей өн бойым дуылдап, көз алдымдағы дүние қарауытып кетті. Жүрегімнің дүрсілдей жөнелгені соншалық, дәл қазір кеудемді жарып шығып, сырлы тостаққа ақ шортандай ыршып түсетін секілденді.

— Тағы ма? — деді Салтанат.

Тостақтағы сусынды тауысып қойғанымды сонда барып байқаппын. “Жоқ, жетеді” дедім ентіге сыбырлап. Тағы да ішкім келіп тұр еді, бірақ әлгіндей азапқа тағы түскім келмеді. Бұдан соң Салтанат кейін шегінді де, сыртын ыстық өтпесін деп киізбен қаптаған шағын қабаққа шүпілдете ашыма толтырып, аузын шүберекпен байлады да маған ұсынды.

— Ал, жүресің бе?

— Әрине...

Мен Ыбыштың соңынан кеттім. Ол мені көргенде аңқиып тұрып қалды.

— Өй, кетпепсің ғой, — деді. Оның бұл үнінде таңданудан гөрі қуаныш басым жатыр еді. — Жақсы болды. Ашыма әкелдің бе?

— Иә.

— Бере ғой. Қаным кеуіп тұр еді. — Ыбыш жерге малдас құрып отыра кетті де, жұп-жуан түкті білегімен қабақтың екі бүйірінен ұстап тұрып ернеуінен сіміре бастады. Оның екі алақанының арасында қалған кішкене қабақ бірнеше секундтан соң жұмыртқадай жаншылып, езіліп кететіндей еді. Ол әлден соң барып ыдысты төмен түсірді де “уф” — деп демін терең бір алып, батып бара жатқан күнге рахаттана қарады.

— Түүһ, шөлдеп өліп қала жаздап ем. Салқынын-ай!..

Егер мен келмесем, ымырт жабылғанша ерні кезеріп осылайша қой соңында жүре бермекші-ау. Ал, мен кетсем ше? Оны ауыстырып тұратын да адамның реті қалмайды ғой. Сонда ол шілденің ми қайнатар ұзақ күнінде жаны бір рахат таппай аңызак кезе береді-ау.

Осы ойға тірелгенде Ыбышқа қатты жаным ашыды. Не болса да, қандай болса да ол менің ағам ғой. Туған ағам ғой, ана сүтін бірге емген ағам ғой. Ал, қатал да дөрекі қасиеті болса, табиғат жомарттың сыйлаған мінезі шығар. Оған не шара, оған не амал.

Оны мен кімге айырбастамақпын, содыр ынжық екен деп жер бетінің қай жақсысына қимақпын! Жо-жо-оқ, ол мен ойлағандай мүлдем сезімсіз емес, оның жүрегінде де анаға, әкеге, іні мен жарға деген махаббат бар. Бірақ ол сезім, әсіресе, әйел атаулыға деген сезімі

Аршабай адырын жалаңаяқ кезіп жүрген сонау балалық шағында-ақ ер жетпей, есеймей сол қалпы қатып қалған.

— Ыбыш.

— А?

— Менің әскерден қалғаным жақсы болды, ә?

— Жақсы болмай...

— Бірақ мен бір айдан кейін кетемін. Саған жаным ашитын сияқты.

— Қой, жан ашып... не, ден сау...

— Сонда да саған көмек беретін адамның өте қажет екенін қазір ғана анық ұққан тәріздімін. Мен соны ойлаймын. Ойлап келіп, Салтанаттың бар екені есіме түскенде жаным тынышталады. Оның болғаны қандай жақсы болды, ә?

— Имм... А, не дейсің! — деді ол артынша әлгі берген жауабының аңғарын енді байқап.

— Салтанаттың болғаны да жақсы-ау?

— Әй, соны қойшы...

Ыбыш үнсіз қалды. Әрине ол “иә” демейді. Әйтсе де, қарсыласпағанына қуандым.

Бұл — ол екеуміздің сонау Бүргенді сай уақиғасынан кейінгі ашық сөйлесуіміз еді. Осыдан соң мен Ыбышты үйге ертерек қайтарып жібердім де, өзім асықпай қойларды қораға қарай айдадым. Үйге жеткенде күн батып, саңы басылып қалған еді. Қаратұмсықтың ар жағынан дөп-дөңгелек боп ай көтеріліп келеді.

Апамдар етті түсіріп, нанын салмай даладағы төсек үстінде мені күтіп отыр екен. Қойларды иіріп тастап үлкен сыпаға таяғанымда қолында домбыра ұстап отырған Ыбышты көріп қайран қалдым. Ол ешқашан, әсіресе апамның көзінше келіншегімен бұлай бірге отырмайтын. Тыңқ-тыңқ еткізіп домбыра тартып қояды. Ол мені көре салып орнынан атып тұрды да:

— Әй, Қайыркен, бері келші. Жын ұрып кеткен бе, мына бәле домбыра тарт деп қоймады. Мә, сен тартып бер де үнін өшірші, — деді. — Ыбыш домбыраны маған ұстата салып, өзі ет турауға кірісті. Салтанаттың ішек-сілесі қатып күліп отыр.

— Қайыркен, деймін. Ой, мына Ыбыштың, шіркін өнерпазы-ай! Мұндай домбырашы Қаратау өңірінен табылмас. Саусақтары қандай жіп-жіңішке, тура домбыра тарту үшін жаралған дерсің, сала-сала. Ал, безілдетіп жөнелгенде бар ғой, апам екеуіміз еңіреп жылап жібердік тура. Солай ма, апа?

Апам мырс етіп күліп жіберді. Мен де күлдім. Ыбыш қызарақтап қалды.

— Болды, болды енді. Оның несі күлкі. Тарта алмаймын десем де жабысып қоймаған өзің. Енді кеп күлесің, — деді ол күңкілдеп.

Иә, бұл Ыбыштың жанындағы өзгеріс еді, бұл — ерке Салтанаттың жеңісі еді. Менің қуаныштан жаным толқып, Салтанатты құшақтап сүйіп-сүйіп алғым келді. Апамды да, Ыбышты да сүйе бергім келді.

Бәріміз сүттей жарық ай астында отырып тамақ іштік. Анадайда қарауытып Қаратұмсық жатыр. Үй мен сол тұмсықтың екі ортасында Ыбыштың күреңі мен әкемнің жирені кісендерін шылдыр-шылдыр еткізіп жайылып жүр. Ай сәулесімен екеуінің тұлғасы қараң-құраң етіп көрініп қалады.

Тамақ жеп болған соң біз өлең айттық. Ыбыш қолын жуып бола салысымен қисая кетіп, қор ете түскен. Жастыққа басы тие салысымен ұйықтайтын оның бала кезінен бергі қасиеті. Бас жағында тұрып мылтық атпасаң анау-мынауыңа ояна қоймайды. Апам да үйге барып жатып қалған. Салтанат екеуіміз олардың отау үйлеріне кіріп алып қосыла ән салдық. Былтырғы жаздан кейінгі бұл Салтанаттың әнін екінші тыңдауым. Әрине, менде дауыс жоқ, сондықтан Салтанатты жетелеп біраз жерге дейін барамын да, бірте-бірте ысырылып қалып қоямын. Ол болса “сен де айт, болмайды” дегендей анда-санда басын шайқап қояды. Бірақ әнін үзбейді. Маған ән айтудан гөрі оның әнін тыңдау мың есе әсерлі, мың есе қымбат. Ол өзі ең жақсы көретін “Гауһар тасты” айтып отыр. Ән салғанда оның көздері күлімдеп, сұлу

жүзі бал-бұл жайнап шыға келеді. Дәл осы сәтте мен Салтанаттың алдында оның маған, бізге әкелген қуанышы мен күлкісі үшін өзімді құтылмас борыштыдай сезіндім. Шынында ол келген күннен бастап, біздің бұрынғы қаталдық билеген сүреңсіз, қызықсыз бір қалыпты өміріміз өзгеріп сала бергендей болған жоқ па? Алғашқыдағыдай емес, әкем де, тіпті Ыбыш та оның ерке, жаз мінезіне жылы жүзбен қарайтын сияқты ғой.

— Салтанат, — дедім ол ән айтып болған кезде.

— Иә.

— Білесің бе, мен сені өте жақсы көремін. Бар жаныммен, тәніммен жақсы көремін. Сол үшін саған осы әлемнің ең асыл, ең таза, ең тамаша, бір ғажайып затын сыйлағым келеді. Бірақ ондай нәрсені таба алмайтын секілдімін, ондай нәрсе жер бетінде жоқ сияқты. Сондықтан мен барлық жұртқа әйгілі, барлық жұрттың меншігіне айналған сыйлық ұсынғым келеді. Ол — ән. Ол — “Жеңеше” деген халық әні. Білесің бе?

— Иә.

— Жақсы ғой? Тамаша ән!

— Бірақ сөзін өзім қайта жаздым. Оның ескі мазмұны бізге сәйкес келмейтін сияқты. Және мұны жай “Жеңеше” емес, “Жеңешемнің әні” деп атағым келеді. Міне, оқып шық. Сонаң соң қосылып айтамыз.

Еркін дала еркесі,

Әнді сүйген жеңеше-ай.

Бақытым деп қатыгез

Жанды сүйген жеңеше-ай.

Жабырқаған өмірге

Наз әкелген жеңеше-ай.

Тұнжыраған көңілге

Жаз әкелген жеңеше-ай.

Періштесі ең аспанның,

Қондың қайтіп, жеңеше-ай?

Біздерге арнап әніңді

Келдің бе айтып, жеңеше-ай.

Тағы өзіңе жыр арнап

Толғанайын, жеңеше-ай.

Азырқанбай қабыл ал,

Айналайын жеңеше-ай!

Салтанат төрт шумақ өлеңді тез оқып шықты да, әрі қуанды, әрі қысылды.

— Жоқ, сен өтірік айтасың, тіпті асырып жібергенсің. Мен соншалықты... Жоқ... Өтірік. Маған қолайсыз.

— Жо-жоқ. Бірде-бір өтірігі жоқ, оллаһи. Қайта мен... саған деген шын сезімімді қағазға әлі толық түсіре алған жоқпын. Бұл әлі аз сияқты.

Салтанат бір қызарып, бір бозарып көп отырды. Ақырында менің ұзақ өтінуім бойынша әнді қабылдап, менімен қосылып айтуға келісті. Екеуміз қосыла айтқанда, расында да ән ғажап шықты. Тіпті, сөзін жазған мен де, ол әнді бұрыннан білетін Салтанат та толқып кеттік. Бір кезде оның көзінен жылт-жылт етіп төңіректеген жасты көріп қалдым.

— Салтанат, Салтанат, саған не болды? Жасың не бұл?

— А-а? Ә, иә-иә. Ештеңе емес. Жай ғой. Сен оған көңіл бөлмей-ақ қой.

— Салтанат маған білдірмеген боп, ақырын ғана дірілдей дем алып, орамалымен жасын сүртті. — Сен... сен ақын боласың, Қайыркен, үлкен ақын боласың. Мен сол үшін жыладым. Енді жыламаймын. Енді ән саламын. — Сөйтті де ол орнынан ұшып тұрып далаға жүгіріп шығып кетті. Сәлден соң: “Қайырке-ен, мұнда кел, домбыраны ала шық”, — деп шақырған даусын естідім. Табалдырықтан сыртқа аттай бергенде өз көзіме өзім сенбедім. Салтанат даладағы төсек үстінде апам екеуі отыр екен. Япырау, ол апамды оятып әкелген бе?

Мен ақырын жылжып олардың қасына келдім.

— Тарт, — деді Салтанат. — Жай, баяулатып тарт. Сонан соң, өзін де маған қосыл.

Екеуміз әлгі әнді қосыла айттық. Баяу шыққан қоңыр үн айлы түнде Аршабай алқабын аралап кете берді. Ол ән осы аймақтағы құлқайыр мен қурайды, жусан мен адыраспанды, тау мен қыратты бәрін-бәрін де өзінің әсем ырғағымен тербетіп, бесіктегі сәбидей қалғытып, балқытып жібергендей болды. Айнала мүлгіген тыныштық. Шыр-шыр еткен түн шегірткелерінің үні де басыла қалыпты. Тас төбеге келген толық ай жұлдыздардың бәрін ысырып тастап, бізге ентелей төне қарап тұр. Апам болса біздің қосылып айтқан әнімізді елжірей тыңдады. Ән біткен кезде ақ жаулығының ұшымен суланған көзін сүртіп: “Шүкір, көрсеткеніңе шүкір, тоба! Айналып кетейін сендерден”, — деп Салтанаттың маңдайынан құшырлана сүйді. Апам оның сауығып кеткені үшін мейлінше қуанышты еді.

Сәлден соң Салтанат “Бір баланы” айтты. Әннің ортасына келгенде Ыбыш ары-бері дөңбекшіп жатты да, басын көтеріп тұрып отырды. Ай жарығымен шағылысқан жалтыр басын анда-санда бір сипап қояды. Аң-таң. Ән біткен кезде: “Өй, мына пәле қайтеді-ай — деді еңк-еңк етіп. — Дауысын қара жаманның. Қайдан үйреніп жүрсің?!”

— Мен бе? Даладан, анау даладан үйрендім. — Салтанат күмістей сыңғырлап қолымен Қаратұмсық жақты көрсетті.

— Оттапсың. Дала ән үйретуші ме еді? Мен күні бойы кеземін, неге үйренбеймін?

— Өйткені, сен ешқашан ән айтпайсың. Тербеліп тұрған құлқайырға құлағыңды тігіп тұрсаң, оның ән салған үні естіледі. Сен естіген жоқсың ба?

Ыбыштың басы тұманданып кетті ғой деймін, сәл үнсіз отырды да: “Неғыл дейді мынау. Сау сұрақ қойсаң, жынды адамдай жауап беретіні несі”, — деп төсегіне қайтадан шалқалай кетті.

* * *

Менің әскерге кететін күнім де тақала берді. Алыстан шаң көрінсе шақыру қағаз әкеле жатқан Амангелдінің машинасы емес пе екен деп

күтетін болдым. Осындай бір күні апам мені таңертең ұйқымнан жұлқылап оятты.

— Қайыржан, ау, Қайыржан! Тұр, тұршы, жаным, тез тұра қойшы!

Орнымнан ұшып тұрып: “не болды?” — деп үрейлене сұрадым. Апамның ақ жаулығы желкесіне түсіп, бурыл тарта бастаған шашы бұрқырап кетіпті. Салмақты жүзінен сабырлылық қашып, мейірімді көзіне үрей үймелеп алған.

— Салтанат қиналып жатыр, — деді апам. Атқа мін де қалқозға шап. Әйел доқтырды ертіп әкел. Бола ғой, айналайын. Ойпырмай, құдай-ай, жаратқан-ай, аман-есен босанса болғаны. Тез, қарағым... — Апам осыны айтты да дегбірі қалмай ішке қайта кіріп кетті. Мен апыл-құпыл киіне бастадым.

Киініп бола салып Салтанат жатқан отау үйдің алдымен жүгіріп өттім. Апам есікке жұқа үлдіректен перде тұтып қойыпты. Іштен Салтанаттың қиналған даусы естіледі. Үйде Ыбыш жоқ болатын. Қараспанда өткізілетін шопандар тойына кеткен. Ат бәйгесіне қатысып, көптен бері көсіле шаппаған күреңнің басын босатып, өзінің де, атының да бағын бір сынамақ болған. Әкемнің жиренін тез-тез ерттей салып колхоз орталығына қарай шаба жөнелдім. Таң атса да күн әлі шыға қоймаған кез. Ерке қызының қиналып жатқанынан бейхабар Аршабай даласы әлі маужыраған ұйқы құшағында. Сонау жақта маңқиған Қаратұмсық ұлы шайқастан соңғы алып батырдай бір қырындап қимылсыз жатыр. Ен далаға түні бойы әлдекім ақ маржан шашып кеткендей, шөп басындағы мөлдір шықтар жылт-жылт етеді. Тымық та, салқын ауа ат екпінімен гулеген желге айналып, денені түршіктіреді.

Колхоз орталығына жеткенімде күн де көтеріле бастады. Сол бойы әйелдер босанатын үйдің алдына кеп ат байлап ішке кірдім. Кірген бетте дәрінің иісі бұрқ ете қалды. Ат үстінде тоңып қалған екенмін, мұндағы жылы ауа лып етіп бірден денемді үйіріп әкетті. Іште тыныштық, бәрі де ұйқыда. Есіктен әлдекімнің кіргенін естіген кезекші қыз түпкі кабинетінен басын қылтитып: “Сізге кім керек?» —

деді, таңмен таласып неге келдіңіз дегенді аңғартқандай. Жүзінде түнімен ұйықтамай шаршағандықтың табы білініп тұр.

— Сізбен сөйлесуге бола ма? Өте, өте асығыс едім...

— Т-с-с, — деді ол бір саусағымен ернін басып. — Оятып жібересіз, мұнда келіңіз.

Мен аяғымның ұшымен басып кезекші қыздың кабинетіне кірдім. Ішке еніп, есікті жапқан бетте асығып-аптығып келген мақсатымды айтып шықтым.

— Тез, мүмкіндігінше тез. Өтінемін сізден! — дедім жалбарынып.

— Сонда сіз маған жүр деп тұрсыз ба?

— Енді кімге айтып тұр дейсіз?

Кезекші қыз әйелдер босанатын үйді иегімен мегзеп қойып: “Оларды тастап кете алмаймын ғой, — деді. — Дегенмен көмексіз қалдырмаспыз. Сіз атпен келдіңіз бе?

— Иә.

— Онда жүріңіз. — Ол мені бастап далаға шықты да, есік алдындағы жас теректердің арасына кеп тоқтады. — Міне, мына көшенің ту басындағы ақ шатырлы үйді көріп тұрсыз ба?

— Иә-иә.

— Сол үйде Жәмилә деген акушерка әйел тұрады. Бір сағаттан соң ол мені ауыстыруға тиіс. Қарсы болмаса не өзі барсын, не ертерек келіп мені ауыстырсын. Оған шейін мен де дайындалып тұрайын.

— Рахмет! — Басқа сөзге келместен мен ақ шатырлы үйге қарай шаба жөнелдім...

Арада жарым сағаттай уақыт өткенде біз жедел көмек машинасымен Аршабайға қарай ағызып келе жаттық. Қасымда әлгі кезекші қыз бар. Шофер жігіт жолды білмеймін деген соң атты Аменгелдінің бастырмасына байлап, солармен бірге отырғанмын.

...Біз үйге жеткенде Салтанаттың халі тіптен нашарлап кетіпті. Апам сабыр дегеннен мүлде айырылып, далаға бір кіріп, бір шығып жүр екен. Бізді көргенде жүзіне аздап қуаныш табы енгендей болды. Раушан машинасынан түсе салысымен қолынан жетектеп Салтанат жатқан үйге кіріп кетті. Әрине, мен олармен араласа алмаймын. Даладағы әлі жиналмай күнге қызған ыстық төсек үстінде отырып, іштегі әрбір дыбысқа шыдамсыздана құлақ тігемін. Кеше ғана осы маңайды көктемге, қуанышқа бөлеп, жаз күлкісімен жарасымдылық сеуіп жүрген Салтанат тағдыр талқысының уысында жатыр. Ал оның дәл жанында мен отырмын. Ештеңемен көмек бере алмаймын, дәрменсізбін, шарасызбын. Оның әрбір қинала шыққан үнінен кеудемдегі жүрегім өтпес пышақпен қиқаланып жатқандай есеңгіреп кете жаздаймыш. Жанымдай жақсы көретін Салтанатқа қолымнан келетін бір көмегім, жанашырлығым осы ғана.

Арада бір сағаттай өткенде Салтанат мүлде үнсіз қалды. Тек дәрігер қыз бен апамның сабырсыздана, үрейлене күбір-күбір сөйлескендері естіледі. Олардың өзара не айтып жатқандарын ести алмасам да, осы бір өзгерістен-ақ бір жамандықтың ұшын сезгендей төсек үстінде отыра алмай кеттім. Осы сәтте далаға апам шықты. Мен жүгіріп алдына кеп тоқтадым. Ол кісінің екі көзінен ебіл-дебіл жас ағып жүр екен. Оны көріп бұрынғыдан бетер жаным түршікті.

— Не... не болды, апа?

— Құдай, о құдай! Ағынан жарылып қайдан ғана бере қойды деп ем-ау, көзге бір көрсетіп ала қойғалы берген екенсің де, қу құдай!..

— Апа, апа, не айтып тұрсыз сіз!

— Бар, бар шырағым, — деді апам жаулығымен жасын сүртіп. — Сені шақырып жатыр.

Мен ішке жүгіре кірдім. Салтанат жуған шүберектей боп-боз боп жатыр екен. Мен келетін болған соң үлкен жұқа көрпені үстіне жауып қойыпты. Қасына жақындағанымды ол сезе қойды да ақырын қолын созды. Мен оның нәзік саусақтарын ұстап “Салтанат!” — дедім. Ол ақырын көзін ашып қайта жұмды да, еріндерін болар-болмас күбірлетіп әлдене айтқандай болды. Ешнәрсе ұқпай қайталап сұрадым.

Салтанат сол қолын жоғары көтерді. Ол нұсқаған жаққа қарағанда, сәусілдеген қызыл жібек шашақты көрдім. “Әперші” деді ол естілер-естілмес. Мен жібек шашақты алып оның қолына ұстаттым. Салтанат оны алақанына бір-екі мыжғылап алды да маған қайта ұсынды...

— Мұны... Ыбыш... Ыбыш... бәйгеден келгенде бер... Атының... Маңдайына тақсын... Саған... саған... ризамын...

Салтанат менің алақанымды болар-болмас қысқан кезде қолы сылқ ете түсті де, саусақтары мұздап жүре берді.

— Салтанат, Салтанат! Не болды саған!.. Қос тізерлеп отыра кетіп, оның қап-қара шашынан сипалай бердім. Сорғалаған терден жастығына шейін су болып кетіпті. Бірақ ол үн қатпады, қимылдамады да. Жаңа ұйықтап кеткендей еріндері сәл ашылып, демсіз жатыр.

Ауыр толғаққа Салтанаттың жүрегі шыдамай қайтыс болды. Мен ертіп келген Раушан да оған ештеңемен көмек бере алмады. Ауруханадан шыққанда жай толғақ болар деп қамсыз шыққан қыз, мұнда келген соң Салтанаттың жүрек ауруы бар екенін біліп, сабырынан мүлде айырылды. Жедел көмекпен әлсіреп жатқан адамды ауруханаға апару да көзсіздік. Әйтсе де, қарап отырып көз алдындағы адамнан айырылып қалмау үшін тәуекелге бел буып, менімен сөйлесіп болған соң мәшинеге мінгізбек болған кезде... Бірақ, тағдыр өз дегенін орындап, Салтанаттың сөзін аяқтатуға да уақыт бермеді...

Оны жерлеп болғаннан кейін 7-8 күн өткен соң, мен де әскерге жүретін болдым. Оның өлімінен соң біздің үйді жантүршігерлік көңілсіздік басқан. Ол қайғы әсіресе апамды он жасқа қартайтып кетті. Жығылған үстіне жұдырық деп, мен әскерге жүретін болғанымда ол кісі: “Енді мен сені де көре алмай өлемін” — деп сай-сүйекті сырқырата жылады.

Мен жүретін күні Ыбыш малда болатын. Ол бәйгеден келгенде келіншегінің қайтыс болғанын естіп, ләм демей теріс айналып кеткен. Сол бойы үнсіз. Қараспанда күреңнің топты жарып, екі рет бас жүлдені жеңіп алғандығы жайлы да әкеме әңгімелеген жоқ. Әкем де сұрамаған. Күреңнің осы замандағы тұлпар екенін біз қазаға келген адамдардың көңіл айтып болған соңғы әңгімесінен естігенбіз. Мен Ыбышқа Салтанаттың қалдырған жібек шашағын екі-үш күн өткен соң

бергенмін. Ол: “Бұл не?” деп біраз отырып, түсіндіріп айтқан соң үндемей төс қалтасына салып қойған. Қуануға, сөз жоқ, менен қысылды. Сөйтсе де жібек шашақты көрсеткен шақта оның қою қастары түйіліп-жазылып, қалың еріндерінің бір-екі дір-дір ете түскенін байқап қалдым.

Апам мені біраз жерге шейін жаяу шығарып салды. Ол кісі поезға мінгенше жүре берер ме еді, сәл ұзаған соң “болды, баланы жасытпайық” — деп әкем үйге қайтарып жіберді.

Мен күреңде, әкем өзінің жиренін мініп келе жатыр. Қалаш станциясына апаратын жол Қаратұмсықты қиғаштай кесіп өтеді. Сол тұмсықтың шың басында аяулы Салтанат жатыр. Былтыр, ол таңертең ойпанда жүріп ән салғанда, мен дәл қазір Салтанат жерленген үлкен тастың түбінде бақыттылықтан жүрегім дүрсілдеп тұрып оның құлқайырлы далаға сұлулық себе айтқан әсем әнін тыңдағанмын. Ол кезде, осы қара тастың түбі Салтанаттың мәңгі қалар мекені болар деп кім ойлаған? Мен үшін ол кеудесіндегі бар арманын орындап болғанша көз жұмбайтын, осы құлқайырлы даласына сән беріп, өзі де онымен бірге мәңгі жасай беретіндей көрінуші еді ғой. Енді міне, мен оның қабірімен қоштасып кетуге келе жатырмын.

Қаратұмсыққа жақындап қалғанымызда Салтанат жатқан зираттың басынан құс па, қой ма, қарайып әлдене көрінді. Жас құс дейін десең – ірі, тұлғалы, қой дейін десең – қимылсыз, қатып қалған. Төрт аяқты мал тақыр моланың жанынан не табады?

— Көке, анау көрінген не?

— Қайсы?

— Зират үстіндегі.

Әкем маңдайына қолын апарып біраз тұрды да: – Бүркіт болар шамасы. Нәлеті, мола бүркіт қой. Жүр, тездет! — Біз атты тебініп қалып жүрісімізді жылдамдата түстік. Мола бүркіт бізден жасқанар емес, қимылсыз отыр. Қаратұмсыққа әбден жақындағанда, ол қарайғанның бүркіт емес адам екенін аңғарып, ат басын тежеп жіті көз тастадым. Сол сәтте бүркіт деп келе жатқанымыз қимылсыз отырған Ыбыш

екенін тани кеттім. Мені ол осы Қаратұмсықтың арғы бауырында күтіп алып, Арысқа шейін бірге бармақ болған.

Ыбышты көріп өн бойым шымырлап кетті. Демек, келіншегінің өлімі оған оңай тимеген екен ғой, оның да қабырғасын қақыратып, бауырын жаншып кеткен екен ғой. Оның дәл қазіргі үнсіз отырысында анау-мынау дауыс шығарып жылауды он орап алатын, одан мың есе ауыр, мың есе әсерлі жан қайғысы жатыр еді.

Ыбышты әкем де таныды. Оны әлдене деп сөгетін шығар деп ем, бірақ олай етпеді.

— Тәңір алғыр, мынау Ыбыш па еді. Мола бүркіттей сұңқиып отырысы қандай жаман, — деді де қоя салды. Ыбыш бізді таяқ тастам қалғанда ғана көріп орнынан ұшып тұрды. Әкемнен жасқанып сайға қарай түсіп бара жатқанда ол кісінің өзі дауыстап тоқтатып алды. Сонан соң Ыбыш әрбір басқан жері жарылып кетер деп қауіптенгендей ақырын қорбаң-қорбаң етіп келіп, баяғы қара тастың жанына кеп тұра қалды.

— Кетіп барамысың? — деді ол қасына жеткенімізде сыбырлап қана.

— Иә,

Бұдан соң әкелі-балалы үшеуіміз Салтанаттың моласының басында үнсіз қалдық. Сәлден кейін әкем маған “түс” дегендей иегін мегзеп қойды да, өзі аттан түсті. Ол кісі құбылаға қарай тізерлеп отыра кетіп құран оқыды. Ыбыш екеуіміз үнсіз қатар тұрмыз. Әкем құран қайтарып болған соң, орнынан тұрды да, терең күрсініп Ыбышқа қарады.

— “Қолда барда алтынның қадірі жоқ” деген осы ғой. Сол алтынның қадіріне сен жетпедің-ау, балам. Сенің қаталдығың, сенің жігерсіздігің ғой осыған кінәлі...

Ыбыш көпке дейін үнсіз тұрды да:

— Мені соған үйреткен сіз кінәлісіз, әке, — деді үзе сөйлеп. Бәлкім, бұл сөз оның ойында көптен жүрген шығар.

Бұл қабірде өршіл мақсат пен үлкен арман иесі жатыр, бұл қабірде өмірге келе алмаған жас сәбидің анасы жатыр, бұл қабірде қадіріне

жете алмаған Ыбыштың адал жары жатыр. Бұл қабірде ешқашан айтылмаған, ешқашан айтылмайтын менің аяулы махаббатым жатыр.

Қош, Салтанат!

Біз атқа отырып, Қалашқа қарай бет түзедік.